Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 4 (1163)

26.01.2024

alatau.offset@mail.ru
alatau_gazeti
alatau_gazeti

ӘЛЕУМЕТ

ПОЛЬША ИНВЕСТОРЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ БЕЙБІТ ИСАБАЕВ ПОЛЬШАДАН КЕЛГЕН БИЗНЕСМЕНДЕР ДЕЛЕГАЦИЯСЫМЕН КЕЗДЕСТІ. ИНВЕСТОРЛАР ӨҢІР АУМАҒЫНДА ҚҰС ЕТІ МЕН СИЫР ЕТІН ӨҢДЕУГЕ, МҮМКІНДІГІНЕ ҚАРАЙ ТҰҚЫ БАЛЫҒЫН ӨСІРУГЕ ҚАТЫСТЫ ӘЛЕУЕТТІ ЖОБАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА НИЕТТІ: БҰЛ ТУРАЛЫ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАДЫ.

Ресми қонақтарға жылы құрметін білдірген облыс әкімі Бейбіт Исабаев Жетісуда 5 стратегиялық бағыт бойынша өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттыру жұмыстары жүріп жатқанын атап өтті. Бұл ретте ауыл шаруашылығы саласына, соның ішінде ет пен сүт өңдеуге инвестор тарту – басым бағыттың бірі.

– *Логистикалық және транзиттік тұрғыда Жетісу өңірі геостратегиялық жағынан да, геоэкономикалық жағынан да тиімді орналасқан. Сонымен қатар аймақтың табиғи-климаттық жағдайы қолайлы, топырағы құнарлы, суы бар, мұның бәрі ауыл шаруашылығының белсенді дамуына оң ықпал етеді. Жанымызда екі үлкен нарық – Ресей мен Қытай орналасқан. Оның үстіне, біздің аумақ арқылы Батыс Еуропа – Батыс Қытай автомагистралі өтеді, «Қорғас» халықаралық шекаралық ынтымақтастық орталығы, сондай-ақ «Қорғас – Шығыс қақпасы» еркін экономикалық аймағы табысты жұмыс істеп жатыр. Мұнда Қытаймен шекарадағы теміржол және автомобиль өткелдерін айтпағанның өзінде инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға қажетті барлық инфрақұрылымдар бар. Арнайы экономикалық аймаққа ет комбинатын орналастыруға болады, бұл жер экспортқа бағытталған өнімдерді өткізуге ыңғайлы,* – деді Бейбіт Исабаев.

Өз кезегінде «Мосцибродыдағы ет комбинаты» отбасылық кәсіпорнының президенті, Польша Республикасы Парламентінің депутаты Кшиштоф Борковский жылы қабылдау үшін алғыс айта отырып, күркетауық пен тауық етін өңдейтін экспортқа бағытталған зауыт салу ниетін жеткізді. Сол сияқты құс басын өсіру үшін фабрика салатын да ойлары бар.

– *Сапалы әрі пайдалы өнім шығару үшін кәсіпорынға озық технологияларды енгіземіз. Сол жабдықтарда тауық пен күркетауықтан басқа, сиыр етін де өңдеуге болады. Өнімімізді жергілікті нарыққа, сонымен қатар Қытай мен Ресейге сатқымыз келеді. Біз сондай-ақ жасанды су қоймаларында тұқы балығын өсіруге маманданғанбыз, мен өз елімде осы салаларда жұмыс істеймін, бұдан бөлек менің екі ет комбинатым жұмыс істеп тұр,* – деді поляк инвесторы. Сонымен қатар, ол жергілікті фермерлерді күркетауық өсіру әдістеріне үйретуге дайын екенін жеткізді.

Бұл жобалардың қызығушылық тудыратынын баса айтқан аймақ басшысы мал азығы қорын құру мәселесін жергілікті шаруалардың көмегімен шешуді ұсынды. Олармен кәсіпкер тиісті келісім-шарттар жасай алады.

– *Мұндай жобалар біздің облысқа керек. Еліміздің заңдары аясында Сіздерге қажетті қолдау көрсетуге, ашық ынтымақтастыққа дайынбыз. Әзірге кәсіпорынды орналастыруға қатысты қолда бар мүмкіндіктеріміз бен ұсыныстарымызды егжей-тегжейлі зерделеп, сондай-ақ сіз ұсынып отырған жобаларды жүзеге асыру жолдарын бірлесіп жан-жақты пысықтауымыз қажет*, – деп түйіндеді сөзін Б. Исабаев.

Кездесу соңында тараптар екіжақты ынтымақтастықты дамыту туралы шешім қабылдап, инвесторлардың жақын арадағы аймаққа сапары жөнінде уағдаласты.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

БАСПАСӨЗ - 2024

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне жазылу жалғасуда

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
1 жылға – 3640 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы
1 жылға – 4477,20 теңге.
ауыл тұрғындары үшін
на год – 4700,80 теңге.

Продолжается подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
на год – 3640 тенге.
для города областного значения через "Казпочту"
на год – 4477,20 тенге.
для сельского населения
на год – 4700,80 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

ЖЕР СІЛКІНІСІ КЕЗІНДЕ ҚАЖЕТ ЗАТТАР ТІЗІМІ

АЛМАТЫДА 23 ҚАҢТАРДА БІРНЕШЕ РЕТ ЖЕР СІЛКІНДІ. СОҒАН БАЙЛАНЫСТЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІ АЗАМАТТАРҒА «ДАБЫЛ СӨМКЕСІН» ДАЙЫНДАУДЫ ҰСЫНДЫ.

«Дабыл сөмкесінің» ішінде төтенше жағдайда қолдануға болатын заттарды салған жөн. Бұл қатарда адамның жеке басын куәландыратын құжаттар, дәрі-дәрмек қобдишасы, үш күнге жететін азық-түлік, қолшам, оттық, жылы киім, ауыз су бар.

Мамандар ауыз суды бірнеше күнге жететіндей етіп алуға кеңес берді.

АЛМАТЫДАҒЫ ЖЕР СІЛКІНІСІ

Алматыда 2024 жылдың 22 қаңтарынан 23 қаңтарына қараған түні 5 балдық жер сілкінісі тіркелді. Жер сілкінісінің ошағы Алматыдан оңтүстік-шығысқа қарай 264 шақырым жерде, Қазақстан мен Қырғызстан шекарасында орналасқан.

Араға бірнеше сағат салып, жер сілкінісі қайталанды. Бұл жолы алматылықтар 2-3 балдық жер сілкінісін сезді.

Үшінші дүмпу таңғы 5 шамасында тіркелді, бұл жолы да 2-3 балдық жер сілкінісі болған.

Бастапқыда жер сілкінісі салдарынан 8 адамның жарақат алғаны айтылды. Алайда Алматы қаласы төтенше жағдайлар департаменті 44 адамның медициналық көмекке жүгінгенін, ішінде 35 адамның үйіне жіберілгенін мәлімдеді.

Алматылық мамандар жақын арада қалада жойқын жер сілкінісі болмайтынын айтады. Сондай-ақ, олар жер сілкінісі кезінде қалада сирена қосуға қажеттілік болмағанына сенімді. Себебі, сирена жер сілкінісі 5,5 балдан жоғары болған кезде іске қосылады.

ҚҰРМЕТ

ЖҮЗ ЖАСАҒАН МАЙДАНГЕР

Талдықорғанда әскери қызметшілер Ұлы Отан соғысының ардагері Ысқақ Құсайыновты ғасырлық мерейтойымен құттықтады.

ҚР Қарулы Күштерінің Құрлық Әскерлері Бас қолбасшысының тәрбие және идеологиялық жұмыстары жөніндегі орынбасары полковник Ермиян Бятов бастаған Жетісу гарнизонының әскери қызметшілері жүз жасқа толған ардагердің үйіне арнайы барып, ізгі тілектерін білдіріп, сый-сияпат көрсетті.

Майдангерге алғыс хат тапсырған полковник Ермиян Бятов: *«Көпті көрген ардақты ардагерлердің, қазыналы қариялардың ерен еңбектері ел жадында. Ал ардагерлерге қамқорлық жасау – әр әскери қызметшінің міндеті»*, – деді.

Ысқақ Әбілпейісұлы 1924 жылы қаңтар айының 14-ші жұлдызында Жетісу облысы, Алакөл ауданы, Көлбай ауылында дүниеге келген. 1942 жылы 18 жасар бозбала өз еркімен әскер қатарына алынды. Амур әскери теңіз флотында әскери борышын атқара жүріп, жас қазақ баласы қайсарлығымен, ептілігімен көптің назарына ілінеді. Амур әскери теңіз флотының «Зенит» дивизиясында әскери борышын өтеп жүріп, 1943 жылы «Отличник военно-морского флота» атағын да алды. 1947 жылы соғыстан аман-есен оралып, Әзбекқызы Бақышпен отбасын құрады. Елге келгеннен кейін 1952 жылы педучилищені бітіреді. Оқу бітіре салып Бөрлітөбеде ұстаздық қызмет атқарады. Сонымен қатар, 2001 жылы «Шағын жинақталған мектептердегі бастауыш сыныптарды оқыту әдістері» еңбегі жарық көрді.

Адамдық борышын адал атқарған Ысқақ атамыздың өмірі – тарих, жүріп өткен жолы ұлағатқа толы.

Жүз жасаған қария Ысқақ Құсайынов әскерилердің сый-құрметіне ризашылығын жеткізіп, ел іргесінің бүтіндігін, болашақтың жарқын болуын тілеп, ақ батасын берді.

Жетісу гарнизонының баспасөз қызметі.

ҮНДЕУ

«RESPUBLICA ПАРТИЯСЫ» ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА БІР ЖЫЛ ТОЛДЫ. ПАРТИЯ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2023 ЖЫЛҒЫ 18 ҚАҢТАРДА ТІРКЕЛСЕ, ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫ 25 ҚАҢТАРДА ТІРКЕЛГЕН БОЛАТЫН. МЕНІҢ ОСЫ ПАРТИЯНЫҢ ҚАТАРЫНА КІРІП, МҮШЕСІ РЕТІНДЕ САЙЛАУҒА ТҮСІП, ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА САЙЛАНҒАНЫМА ҚУАНЫШТЫМЫН.

БІР ЖЫЛ – БІР БЕЛЕС

Кандидат ретінде мені ақпан айының басында облыстық Партия Төрағасы Ришат Қожабек шақырып, сайлауалды бағдарламамен таныстырды. Жас маман ретінде маған саяси ұйымның сайлауалды бағдарламасы ұнады. Бағдарламадағы 8 бөлімнің ішіндегі өзімнің кәсібіме жақын «ДЕНІ САУ АДАМ - БАҚЫТТЫ!» және «БАҚЫТТЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР – БАҚУАТТЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР!» атты тақырыптар ұнады. Медицина қызметкері ретінде қазақстандықтардың дені сау ұлт ретінде қалыптасуы басты құндылығым болып табылады.

Былтыр өткен 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және мәслихаттар депутаттарының кезектен тыс сайлауында партиялық тізіммен Жетісу облысының мәслихат депутаты болып сайландым. Қазіргі уақытта депутат ретінде денсаулық сақтау, білім, әлеуметтік қорғау, спорт салалары бойынша тұрақты комиссия мүшесімін. Ондағы қызметім – білім, медицина, спорт және денсаулық сақтау мекемелерінің құрылыстарына бақылау жүргізу, дәрігерлерді қамтамасыз етуге бөлінген қаржының игерілуін қадағалау, медицина қызметкерлерінің жетіспеушілігі мен медициналық жабдықталу мәселелерін қарау. Сонымен қатар, білім беру мекемелеріндегі дабыл жүйелері, облыстағы ғимараттардың пандус жүйелерінің дұрыс жұмыс атқаруын және былтырғы жылы бекітілген бюджеттің дұрыс жұмсалуын қадағалау.

Осы орайда, мені қоғамдық-саяси жұмысқа араластырып, облысымыздың азаматтары үшін қызмет етуге себепкер болған «Respublica» партиясын бір жылдығымен құттықтаймын. Болашақта елге берері көп партия болып, мемлекетті дұрыс жаққа бастайтын қоғамдық ұйымға айналарына сенемін.

Темірлан ҚЫЛЫШБЕКОВ,
Жетісу облысының мәслихат депутаты, Талдықорған қалалық көпсалалы ауруханасының оториноларинголог дәрігері.

СИПОЗИУМ

ТУРИЗМ САЛАСЫНДАҒЫ КЕДЕРГІЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Туризмді дамыту – Жетісу өңіріндегі негізгі басым бағыттардың бірі. Жетісу облысының кәсіпкерлер палатасының өкілдері Қытай Халық Республикасына барып, онда Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданында туристік нысандар бойынша симпозиумға қатысты.

Іс-шараның мақсаты Қытай-Қазақстан туризмінің келешегін талқылау болды. Өйткені, Қытай мен Қазақстан – тату көршілер. Екі мемлекет те туристік ресурстарға бай және даму үшін үлкен әлеуетке ие.

Қазақстан да өңдеу және игеру үшін бірегей экологиялық ресурстарға бай және бүгінгі таңда сауатты қаржылық салымдар кезінде табысты іске асырылуы мүмкін көптеген жобалар бар. Алайда, Қытай-Қазақстан туризмін дамыту жолында көптеген кедергі бар және осы халықаралық іс-шара аясында оларды шешу жолдарының мүмкіндіктері талқыланды.

Қазақстан мен Қытай арасында визасыз режим қолданылады, онда азаматтардың мемлекеттер аумағында болу мерзімі 30 күннен аспауға тиіс. Қазіргі уақытта екі ел үшін де туристік мәселе бар. Шекарадан тиісті туристік маршрут жоқ, туристердің өтуі жалпы канал арқылы жүзеге асырылады, бұл өз кезегінде маршруттардың өтуін қиындатады. Туристер үшін жеке көлік түрінің қажеттілігі атап өтілді. Кедендік бақылаудан жедел өту мақсатында туристік компаниялардан тізімдерді алдын ала беру туралы ұсыныс енгізілді.

Бұл мәселемен қатар электрондық коммерция бөлігінде туындайтын қиындықтар да талқыланды. Қазіргі уақытта біздің еліміздің көптеген азаматтары онлайн тауарлар сатып алады, бірақ тауарлардың транзиті қиын, елдердің шекараларында кідіріс бар. Қауіпсіздік тексерулерінен өту, тауарды бөлу, «Қазпошта» арқылы почта-логистикалық қызметтерден өту көп уақытты алады. Жеке компаниялар тауарларды бөлек тасымалдай алмайды. Электрондық коммерцияның дамуы бизнестің дамуына мүмкіндік береді.

Іс-шараның маңыздылығын атап өткен Жетісу облысының кәсіпкерлер палатасының төрағасы Дәурен Оңалбаев айтылған проблемалар хаттамаларда көрініс тапқанын, табысты әріптестік, ең алдымен, оларды шешу жолдарын іздестіруде құрылатын болады деді.

Жетісу облысының кәсіпкерлер палатасының баспасөз қызметі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЗДОРОВЬЕ

КАЗАХСТАНЦЫ СКОЛЬКО БУДУТ ПЛАТИТЬ ЗА ОСМС В 2024 ГОДУ

В 2024 ГОДУ В КАЗАХСТАНЕ ВЫРАСТЕТ МАКСИМАЛЬНАЯ СУММА, С КОТОРОЙ ВЫЧИТАЮТСЯ ДЕНЬГИ НА ОСМС, ДО 850 ТЫС. ТЕНГЕ. ПО-НОВОМУ БУДУТ ПЛАТИТЬ И САМОЗАНЯТЫЕ ГРАЖДАНЕ. ПОДРОБНОСТИ УЗНАЛИ ЖУРНАЛИСТЫ NUR.KZ.



В 2024 году вырастет размер минимальной заработной платы (МЗП) — с 70 тыс. до 85 тыс. тенге. Как объясняют в Фонде медицинского страхования, так как этот расчетный показатель является основным для определения размеров взносов и отчислений на обязательное социальное медицинское страхование (ОСМС), изменятся и конечные суммы взносов, хотя ставки остаются неизменными.

Ставка для работодателей

Как и прежде, для работодателей действует ставка в 3% от заработной платы работника. Так как облагаемый ежемесячный доход не должен превышать 10 МЗП, то максимально учитываемая сумма в 2024 году составит уже не 700 тыс. тенге, а 850 тыс. тенге. Соответственно, максимальный размер отчисления составит 25 500 тенге в месяц.

Стоит отметить, что отчисления на ОСМС работодатели должны уплачивать сами, а не вычитать деньги из зарплат своих работников.

Ставка для наемных работников

Что касается самих наемных рабочих, то их ставка, как и прежде, составит 2% от зарплаты. Сумма, которая будет учитываться также не должна будет превышать 850 тыс. тенге. Получается, что максимальный размер взноса в 2024 году может составить 17 тыс. тенге.

Следует учитывать, что у граждан, работающих в двух местах, ставка также составляет 2%, только доход учитывается совокупно с двух работ. Например, сотрудник имеет оклад в 600 000 тенге. Параллельно он оказывает кому-то услуги по договору ГПХ и получает 350 000 тенге. Его общий доход составляет 950 тыс. тенге — это больше, чем 10 МЗП.

В этом случае с первого рабочего места у работника снимут ровно 2%, а со второго — оставшуюся от максимального платежа часть. Важно заранее предоставить работодателю справку с первого места работы о перечисленных взносах. Сделать это нужно для того, чтобы размер взноса на ОСМС был правильно рассчитан, иначе со второго места работы взносы будут удержаны в полном размере.

Ставка для самозанятых В 2024 году будет упразднен Единый совокупный платеж. С помощью него самозанятые могли оплачивать все взносы и иметь медстраховку. Однако с нового года, чтобы получить статус «застрахованный», гражданам нужно будет или зарегистрироваться в качестве индивидуального предпринимателя и платить соответствующие взносы, или стать самостоятельным плательщиком.

В первом случае ставка составит 5% от 1,4-кратного МЗП, то есть 5 950 тенге, а во втором — 5% от 1 МЗП, то есть 4 250 тенге. К слову, самостоятельные плательщики уже сейчас могут оплатить взносы на ОСМС сразу на год вперед. Причем сделать это можно по текущей ставке, которая немного ниже.

Стоит отметить, что за некоторых граждан государство уплачивает взносы самостоятельно. Всего в Казахстане насчитывается 15 льготных категории граждан, которым не нужно платить за медстраховку. В 2024 году ставка за одного льготника составит 5 852,63 тенге, или 1,9% от среднемесячной заработной платы двухлетней давности.

ЗАКОН

ИНОСТРАНЦЫ ОБЯЗАНЫ СДАВАТЬ ОТПЕЧАТКИ ПАЛЬЦЕВ

Законом с 1 января 2024 года вводится добровольная дактилоскопическая регистрация для граждан Казахстана только с их согласия. Для иностранцев и лиц без гражданства, достигших 16-летнего возраста, вводится обязательная дактилоскопическая регистрация, сообщает Zakon.kz.

Регистрация для иностранцев обязательна при установленных ЗРК «О дактилоскопической и геномной регистрации».

Обязательная дактилоскопическая регистрация для гражданина РК сохраняется лишь в случаях получения удостоверения личности моряка.

Для иностранцев и лиц без гражданства вводится требование личного обращения в регистрирующие органы на территории Казахстана для получения ИИН. Ранее они могли это сделать по месту фактического нахождения на основании выданной другим лицам доверенности.

Меняется статус госкорпорации «Правительство для граждан». Теперь госкорпорация не будет являться единым провайдером в сфере организации работы по приему заявлений на оказание госуслуг и выдаче их результатов в части работы фронт-офисов и реализации дополнительных сервисов.

Функции по приему заявлений на оказание госуслуг и выдаче их результатов переданы субъектам предпринимательства в лице партнерских организаций путем заключения партнерских соглашений и вводится возможность оказания государственной корпорацией дополнительных сервисных услуг по желанию услугополучателя за отдельную плату.

КОНСУЛЬТАЦИЯ ЮРИСТА

СМЕНА ФАМИЛИИ, ИМЕНИ, ОТЧЕСТВА: КАК ЭТО СДЕЛАТЬ

БЫВАЮТ СЛУЧАИ, КОГДА ЧЕЛОВЕКА НЕ УСТРАИВАЮТ ЕГО ИМЯ, ФАМИЛИЯ ЛИБО ОТЧЕСТВО. МОЖЕТ ЛИ ОН ПОМЕНЯТЬ СВОЕ ИМЯ НА ДРУГОЕ? КУДА ДЛЯ ЭТОГО НУЖНО ОБРАЩАТЬСЯ? ОТВЕТЫ НА ЭТИ ВОПРОСЫ — В МАТЕРИАЛЕ ZAKON.KZ.

Заместитель руководителя Департамента юстиции города Алматы Сатхожина Зауреш рассказала, что в связи с внесением изменений и дополнений в Кодекс «О браке (супружестве) и семье» сведения, подлежащие изменению в связи с переменой имени, отчества, фамилии в соответствующих актовых записях о рождении, заключении или расторжении брака, вносятся на основании заключения о перемене ФИО.

При этом, как ранее, актовая запись о перемене ФИО не регистрируется и свидетельство о перемене имени, отчества, фамилии не выдается.

«Регистрирующими органами в подтверждение произведенной перемены имени, отчества, фамилии выдается соответствующее свидетельство о рождении, заключении и расторжении брака», — сказала она на брифинге в РСК.

Рассмотрение заявления о перемене имени, отчества, фамилии производится регистрирующим органом, загранучреждением Казахстана в соответствии с брачно-семейным законодательством Казахстана.

Заявление подают граждане старше 16 лет, для не достигших этого возраста требуется присутствие родителей.

«Перемена имени, отчества, фамилии производится регистрирующими органами по личному заявлению лица, достигшего шестнадцатилетнего возраста, желающего поменять имя и (или) отчества и (или) фамилию», — уточнила она.

Для перемены либо изменений, исправлений имени, отчества, фамилии нужно обратиться с заявлением в любой регистрирующий орган (РАГС) на территории РК, также можно обратиться в НАО Государственную корпорацию «Правительство для граждан» либо направить заявление в электронной форме через портал «электронного правительства».

После смены имени, отчества, фамилии, в течение месяца необходимо сменить удостоверение личности и паспорт.

По каким основаниях могут быть изменены фамилия, имя, отчество?

- неблагозвучность имени, отчества, фамилии;
- трудность произношения имени, отчества, фамилии;
- желание супруга (супруги) носить общую с супругой (супругом) фамилию, если при государственной регистрации брака (супружества) остались на добрачных фамилиях;
- желание носить добрачную фамилию, если об этом не заявлено при расторжении брака (супружества);
- желание носить фамилию, общую с детьми от предыдущего брака (супружества);
- желание носить добрачную фамилию в случае смерти супруга;
- желание носить общую с детьми фамилию в случае смерти супруга, и если заявитель был на добрачной фамилии;
- желание носить имя и (или) фамилию, соответствующие избранной заявителем национальности одного из родителей (при разных национальностях родителей);
- желание носить имя, фактически сложившееся в жизни, отличное от имени в документах;
- желание носить добрачную фамилию, если при вступлении в брак (супружество) была принята фамилия супруга;
- желание носить фамилию по имени отца или деда по национальным традициям;
- желание носить фамилию и (или) отчество по фамилии и имени лица, фактически воспитавшего заявителя;
- желание носить имя, отчество, фамилию, соответствующие выбранному полу, при хирургическом изменении пола.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

ҚАРЛЫ БОРАНДА ЖОЛҒА ШЫҚПАҢЫЗ

Желтоқсан айынан бастап құбылған ауа райына қарап: «биыл көктем ерте шығады» деген жорамал жасағандар жаңылған сияқты. Себебі күн күрт жылынып, адамдар қыстық тондарын шешіп, жеңіл-желпі киінген-ді. «Түлен түртсе табиғат, төбеңнен оттай шатырлар» демекші, осқырынған асаудай буырқанған кәрі қыс қаһарына қайта мінді.

Оңтүстік өңірлерде ауа райы жылымық болғанымен Солтүстік, Арқа аймағында боранмен қабаттасқан қалың қардан көлік қозғалысы тоқтатылды. Қағылған дабылға төтенше жағдайлар департаментінің ескертуін елемей жолға шығып кеткен Қостанай, Ақтөбе, Атырау облыстарында қалың қардан бұрқаған боранда адасқандар абырой болғанда аман есен табылды. Сондықтан күннің көзі сәл жылынса, ауа райын болжамай, төтеншеліктер ескерткен ескертулерді көлік жүргізушілері және алыс сапарға шығатын адамдар елеусіз қалдырмаған жөн.

Жетісу аймағының өзінде өткен жылдың соңы желтоқсан айының алғашқы он күндігінде ауа райының қолайсыздығы туындап, боранды болуына байланысты «Үшарал-Достық» автожолында Достық бекеті жағынан 8-ге жуық жүк

және 5 жеңіл автокөлік, Ақши ауылы жағынан 2 жүк және 2 жеңіл автокөліктері тұрып қалған болатын. Авариялық-құтқару жұмыстары кезінде Жетісу облысы ТЖД құтқарушылары қар құрсауында қалған автокөліктерді жолдың тазартылған учаскесіне сүйреп шығарып, көлікте толғатып отырған 1989 жылы туған жүкті әйелді Үшарал қаласының перзентханасына жеткізген-ді. Эвакуация кезінде қар құрсауынан 43 адам, оның ішінде 4 бала құтқарылған. Жыл басы қаңтар бастала салысымен Жетісу облысында 48 адам эвакуацияланған. Бұл төртінші қаңтарда болған төтенше жағдай. «Үшарал-Достық» Республикалық маңызы бар автожолының «Тереклі» учаскесінде ауа-райының құбылуына байланысты қар құрсауында автокөліктердің тұрып қалғаны туралы хабар түсіп, азаматтарды эвакуациялау үшін шақырту орнына Достық станциясының 10-ӘСБ жеке құрамы жоғары техникасымен жіберілген. Оқиға орнына шақырту түсе салысымен дер кезінде жеткен төтеншеліктер 48 жүк көлігі қар құрсауында қалып қойғанын анықтап, қабылданған шаралар нәтижесінде Беларусь Республикасы азаматтарының 40 жүк көлігінің жүргізушілері және Қазақстан Республикасы азаматтарының 8 жүк көлігінің жүргізушілерін қалың қардан, бұрқасынды бораннан құтқарып қалған. Төтенше жағдай департаменті көлік жүргізушілеріне алыс жолға шығарда «ҚазАвтоЖол» ресми сайтында автожолдардың жабылуы туралы ақпаратты анықтауға кеңес береді. Мәселен, «ҚазАвтоЖол» ҰК АҚ АОФ және ЖШС «Алматы ОФ» хабарлауынша: 7 қаңтар сағат 22:40-тан бастап ауа райының қолайсыздығына байланысты республикалық маңызы бар «Үшарал-Достық» (84-184 км.) автожолы көліктің барлық түрлері үшін қозғалыс жабылғанын хабарлады. ТЖД азаматтардан осы бағытта жол жүруден бас тартуды және өз бағытын алдын ала түзетуді, сондай-ақ 112 қызметі беретін СМС хабарламаларды назардан тыс қалдырмауды, дауыл туралы ескертулер мен өзге де шұғыл ақпарат алу үшін «Сіз «Дәрмен» тегін мобильді қосымшасын жүктей аласыз» - деп, хабарлама жіберді. Алайда, көлік жүргізушілер ақпаратқа зер салмай тәуекелге бел байлап жолға шығып кетіп жатады дейді. Автожолдар жабылуы туралы ақпаратты көзі шалғандар, әрі жолға шығушылар ауа райы туралы толық мағлұмат алғандары өздеріне абзал екенін төтенше жағдай қызметкерлері айтуда. Мәселен, 7 қаңтарда, Жетісу облысы ТЖД-да «Үшарал-Достық» Республикалық маңызы бар автожолының «Ырғайты» учаскесінде қар құрсауында автокөліктерді құтқаруға тура келіп, 15 жүк көлігі қар құрсауынан құтқарылса, Достық станциясына қар тұтқындауынан 7 жүргізушісімен жүк көлігі эвакуацияланған. Медициналық көмекті қажет етпеген 9 жүргізуші эвакуациядан бас тартқан. Себебі олардың апталық ЖЖМ және азық-түлік қорлары болған.

Желтоқсан, қаңтар айларынан бері Жетісу облысының «Үшарал-Достық» автожолындағы қысқы кезең көңіл аландатуда. Бұл өңірде Ебінің желі ұйтқыса, ауыр жүк көліктерінің өзін төңкеріп тастайтын кезеңдер болған. Сондықтан қысы қатты, өте суық, ұзақ аяз, қатты желдің екпіні, қарлы боран мен көшкіндермен ұласып тұрады. «Қазгидромет» РМК мәліметтері бойынша облыстың бірқатар ауданында желдің екпіні 25-30 м/с-тан асатынын алдын ала айтқан-ды. Қысқы кезеңнің басынан бастап қарлы боран мен қатты желдің екпініне байланысты Алакөл ауданында 15 мәрте дауылды ескерту жарияланып, «Үшарал-Достық» республикалық маңызы бар автожолының 9 мәрте жабылуы болды. Бұл аталған учаскеде тұрақты құбылыс болуда. Сондықтан төтенше жағдайлар департаменті азаматтарды құтқару үшін үнемі рейдке шығуда. Мәселен, 2023-2024 жылдардағы қысқы кезеңнің басынан бастап «Үшарал-Достық» автожолында 146 адам құтқарылды, оның ішінде 13 бала, 45 шетел азаматы, 17 адам төтенше жағдайлар аймағынан эвакуацияланып, қар құрсауынан 33 техника шығарылған. Төтенше жағдай қызметі тұрғындарға көлік қызметтерін көрсететін компаниялардың басшыларына, тікелей жүргізушілерге дауыл туралы ескертулер мен қозғалыстың жабылуы, шектелуі туралы хабарламаларды елемеуге болмайтындығын айтуда. Мобильді құрылғыларыңызға «Дәрмен» қосымшасын орнатуды, онда дауылды алдын ала ескертулер, автожолдардың жабылуы мен ашылуы туралы ақпарат және сіздің қозғалысыңызды ғана емес, басқа да өмірлік жағдайларды жоспарлауға көмектесетін, пайдалы ақпарат орналастырылған. Сондай-ақ, «Дәрмен» қосымшасында ақпаратты хабарламалар уақытылы келіп түстетінін, келген хабарламаға жіті зер салуды ескертеді. Сонымен қатар, қар көшкіні кезіндегі мінез-құлық ережелерін еске сақтауға, мән беруге шақырады.

– көлікте алыс жолға шыққан кезде сізге жылы заттар, азық-түлік, алғашқы көмек бөлімшелерінің негізгі міндеттерінің бірі – халықты төтенше жағдайлардан қорғау және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу, яғни, қиын жағдайда жазатайым оқиғаларға жол бермеу болып табылады. Осылайша, құтқарушылар қарлы боранда қалып қалған қобдишасы, сүйрету кабелі, күрек, балауыз шамдары, ұялы телефон зарядтағышы, жанар-жағармай қоры және қиын жағдайда сізге пайдалы болуы мүмкін барлық нәрселеріңіз болуы керек;

– **қар үйінділерін еңсеруге тырыспау керек, егер мүмкін болса, тоқтап, ең жақын елді мекенге оралып, жолдың тазалануын күту керек;**

– егер сіз әлі де елді мекеннен тыс жерлерде, қолайсыз ауа райында қар көшкінінің тұтқыны болсаңыз, көліктен кетуге тырыспаңыз, көліктің қозғалтқышын радиатор жағынан жабыңыз, 112 нөміріне қоңырау шалыңыз;

– көліктен мезгіл-мезгіл шығып, оның астына көмілмеу үшін қарды тырмалау қажет;

– қармен жабылмаған көлік, іздеу тобы үшін жақсы нұсқаулық болып табылады;

– автокөліктің қозғалтқышы «қатып қалмас үшін» оны мезгіл-мезгіл жылытып отыру керек, автомобильді жылыту кезінде пайдаланылған шығу газын кабина ішіне (шанаққа, салонға) кіріп кетуіне жол бермеу керек, осы мақсатта пайдаланылған құбырдың қарға толып кетпеуін және жел бағытында орналасуын қамтамасыз ету маңызды;

– егер жолда бірнеше адам (бірнеше көлікте) бірге болса, барлығын біріктіріп, бір көлікті баспана ретінде пайдаланған жөн және құтқару бөлімшесін күту керектігін назарға салады.

А.БҰЛҒАҚОВ.
Суреттер ғаламтордан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӨТКЕН ЖЫЛЫ МЫҢНАН АСА АДАМ ІЗ–ТҮЗСІЗ ЖОҒАЛҒАН

Қолындағы малы жоғалса ен таңбасын айтып, өзі іздеп, күдер үзгенде құқық қорғау органдарына жұмылып жататын адам баласы үшін ет бауыры баласын, бірге туған жақынын жоғалтудан артық азап жоқ шығар. Бүгінгі қоғамда адамға – адамгершілік көзқараспен қарау, аяушылық, жанашырлық таныту деген ұғым жойылып барады. Әлсізді әлділердің жәбірлеуі, бала-шаға демей зорлық-зомбылық көрсету, одан қалса, ажал құштырып бақиға аттандыра салу, шыбын өлтіруден де оңай болып кетті. Адамзат тағдырының тәлкекке айналуы бұл үлкен қасірет. Адам саудасы да үлкен қылмыс. Қорқытып-үркіту, видеоға түсіріп, қаржы бопсалау, жезөкшелікке мәжбүрлеу, одан қалса адам органдарын саудалау қылмыстары жан түршіктіреді. Қыл аяғы есік алдында ойнап жүрген ойын баласын алдап алып кетіп, арам ойларын іске асыратындарды адам санатына қосуға аузың бармайды. Ашық күнде көз алдарында ойнақтап жүрген құлыншақтарынан айырылып қалғандардың ата-аналары, туыстары өздігінен іздеп, артынан құқық қорғау органдарына шағымданып, жоғалған перзенттерін ия болмаса ет жақын бауыры, туысы, егде жастағы жақындарын шарқ ұрып іздеп жатады. Олардың бірі тірі табылса, енді бірінің мәйіттері орманнан, өзендер арнасынан, маңынан, құбырдан және айдаладан, тау жыныстарынан жәбірленген, зорлық-зомбылық белгілерімен табылып жатады. Болмаса, пәленбай жыл мал соңында құлдықта жүрген жерінен құқық қорғау органдарының пәрменімен құлдықтан босатылады. Ата Заңнан үркіп, заңды қадірлеп жатқандары некен-саяқ. Сонда, заң кім үшін жасалады? Қатыгез адамдар өзі теңдес адамдардың өміріне неге немқұрайлы қарайды? Іздеу жарияланып, оған адам күші тартылып әрі-сәрі күйге түсеміз. Табиғат апатынан не болмаса түрлі тосын апаттардан жоғалып кеткендердің жөні бөлек. «Алдап-арбап адам саудасымен айналысатындар, не болмаса, тізе батырып құлдықта ұстайтындар өзі теңдес адамдардың тағдырына неге немқұрайлы қарайды деген сауал сананың шаңын қағады». Жоғалған адамдар жайлы мәлімет іздеуде сақшылар мен еріктілер, блогерлер, тұрғындар атсалысуда. Бас прокуратураның интернет желісіндегі ақпараты бойынша 10748 адам іздестіріліп жатса, олардың 2176-сы із-түзсіз жоғалғандар санатында екенін ескерсек, бұл адамдардың қаншасы өлі, не тірі екені құзырлы органдарға әрі жоғалған адамдардың отбасыларына беймәлім болуда. Көп жағдайда кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер үйден шығып, қайтып оралмай қыдырып кетіп, ата-аналарын сары уайымға салдырып, артынан табылып жататын кездер болады. Ия, болмаса ата-анасымен сөзге келіп, үйден безіп кететіндер де бар. Олардың үлкен қалаларда бей-жай жүруі, ата-анасымен қайтадан қауышуы бір жағынан қуаныш, екінші жағы үлкен трагедиямен аяқталып жататыны тағы бар. Қаны бұзық қаныпезерлердің қолына түскендерінің өмірі келте болмаса, тағдырлары тәлкекке айналуда. Мәселен, жақында такси болып қызмет жасайтын азаматтың көлігіне мінген екі жолаушы таксистің алқымына пышақ тақап, қалаға жеткізуін талап еткен. Абырой болғанда таксистің көрер жарығы бар екен, жол бойында тұрған полиция қызметкерлерінің көлігін соғып, өзі тірі қалып, екі қылмыскерді полицейлер дер кезінде тұтқындап үлгерді. Жолды қадағалаушы полиция көлігі тұрмағанда екі қылмыскер таксисті тірі қалдыруы екіталай еді. Мұндай оқиғаларды тізбектеп санауға болады. Жетісу облысында із-түзсіз жоғалып кеткен 14 жасар оқушының өлі денесі табылды. Туған қызын өлтіргенін анасы мойындап, қайда жерлегенін айтып берген. Полицейлер соның ізімен Карина Дорохинаның мәйітін Текелі қаласының іргесіндегі тау бөктерінен қазып алған. Жеткіншектің қараша айынан бері мектепке бармай, ізім-ғайым жоғалғанын әкесінің туыстары айтып, дабыл қаққан еді. Содан кейін мектеп директоры полицияға хабар берген. Желтоқсан айында қызды өлтірді деген күдікпен анасы ұсталған болатын. Осы қылмысқа қатысы бар деген айыппен оқушының өгей әкесі де жақында қамауға алынды. Жалпы тәртіп сақшылары бір айдан астам уақыт іздеу жұмыстарын жүргізу нәтижесінде із-түзсіз жоғалған жасөспірім өзге емес, күдікті деп танылған анасы мен өгей әкесінің қолынан ажал құшқаны айтылуда. Атам қазақта «кебін киген келмейді» дейтін тәмсіл бар. Ақыл-есі дұрыс болса, жоғалған адамдар түбі бір туған жеріне оралар. Ажалдан, жәбірлеу мен зорлық-зомбылықтан аман болса әрине. Күні бүгінге дейін құқық қорғау органдары адам саудасымен аяусыз күресіп келеді. Әсіресе, бойжеткен қыздарды шет мемлекеттерде жұмыс бар деп алдап, барған соң құжаттарын тартып алып, жезөкшелікке салған оларды саудалаушы қазақстандық қылмыстық топты әшкерелеген құзырлы органдардың қимыл-әрекеттеріне ел-жұрт риза болғанды. Бұл оқиғаның қай уақытта, қай жылы болғанын айтып жатудың өзі артық. Мұндай оқиғалардың түп тамыры түбегейлі үзіліп кеткен жоқ. Ал баласын өздері өлтіріп, тауға апарып мәйітін жасырып жүрген анасы мен өгей әкесі сияқты тас бүйректер бұл қоғамда аз емес. Қылмыстық топтың құрбанына айналғандар да бар болуы мүмкін. Мәселен, Жетісу облысы Панфилов ауданы, «Лесновка» ауылының 72 жастағы тұрғыны Орынбүбі Мұқанова із-түзсіз жоғалғандар санатында. Өткен жылдың мамыр айында үйден белгісіз бағытқа шығып кетіп, қайтып оралмаған. Аудандағы полицейлер мен шекарашылар, еріктілер шарқ ұрып іздегенімен әлі күнге хабар-ошарсыз. Ересек ұлымен ғана тұратын зейнеткер ананың үстінде қара түсті күртеше, қоңыр көйлек, жеңіл аяқ киім болғанын, бойы 155-160 см, денесі арықша келгені хабарланған-ды. Сондай-ақ, Қаратал ауданында қыркүйек айында жоғалып кеткен 15, 16, 17 жастағы жеткіншектерді Талдықорған, Алматы қаласы және Алматы облыстарын іздеу салып таппаған болатын. Жетісу ПД криминалдық полиция еш нәтиже бермегенін, бұл іс ерекше бақылауда екенін айтқан-ды. Бұл жеткіншектердің табылған-табылмағаны жөнінде Жетісу облысы полициясынан толық ақпарат ала алмағандықтан, біз аудандық әкімдікке хабарласқанбыз. Із-түзсіз кеткен екі жасөспірім Шымкент қаласынан табылған. Қыздың айтуынша, оған серіктес болған жігіт үйден кеткісі келетінін айтып, қызға өзімен бірге кетуін өтінген. Олар алдын ала келісіп, киімдерін дайындап, Талдықорған қаласына келіп, сол жерден Алматы қаласына жолға шыққан. Үштөбеден олар 50 000 теңгемен шығып, қаражаттары аз болған соң екеуі қалта телефондарын сатып, Алматыдан 60 000 теңгеге такси салонын жалдап, Шымкент қаласына тұрақтаған. Олар Шымкент қаласынан пәтер жалдап, жұмысқа орналасқан. Қыз дүкенге сатушы, жігіт базарда жүк тасымалдаушы болған. Үйден кетулерінің себебін тергеу орындары анықтаған шығар, алайда істеген істерінің арты қалай болатынын болжамаған екі жас ата-аналары мен ел жұртын аяқтарынан тік тұрғызғаны анық. Жастықтың желігімен өз беттерінше күн көруді ойлаған екі жасөспірімнің кәмелеттік жасқа толмағанын ескерсек, отбасындағы бала тәрбиесінің тасада қалғанын аңғаруға болады. Қуанарлығы сол жасөспірімдер дін аман табылып, отбасына оралған. Із-түзсіз жоғалғандардың арты кісі өлтірудің құрбаны болып жататыны жанға батады. Оған дәлел Текелі қаласындағы оқиға. Мұндай оқиға өткен жылы Түркістан облысында да болған. 2004 жылғы студент қыз үйден белгісіз бағытқа кетіп, қайтып оралмаған. Үш күн жер көкті шарлап іздеген қыздың мәйіті жертөледен табылған. Оқиға орнына барған жедел тергеу тобы жертөледен төсек жаймасына оралған, денесінде зорлық белгілері бар мүрдені анықтаған. Мұнда да жау алыстан келмеген. Бойжеткенді туған жездесі өлтірді деген күдікпен ұстаған болатын. Өткен жылы Астана қаласының полициясына із-түзсіз жоғалғандар туралы 4000-ға жуық арыз түсіпті. Астана қалалық полиция өкілдерінің айтуынша, із-түзсіз жоғалғандардың ішінде балалар туралы 3669 арыз түссе, жоғалғандардың көпшілігі 24 сағат ішінде табылып, қалғандарының орналасқан жері іздестіру шаралары барысында анықталған.

АЙ КҮННІҢ АМАНЫНДА АДАМ ЖОҒАЛЫП, ТАБЫЛЫП ЖАТАДЫ. ИЯ БОЛМАСА ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ҰШЫРАП, ІЗ-ТҮЗСІЗ ЖОҒАЛУЫ, ҚҰРБАН БОЛҒАНЫ АЙТЫЛУДА. ӨЗЕКТІ ӨРТЕЙТІН ӨКІНІШТІ ЖАЙТ КІСІ ҚОЛЫНАН АЖАЛ ҚҰШЫП, БОЛМАСА, ІЗ-ТҮЗСІЗ ЖОҒАЛЫП КЕТУ БЕЛЕҢ АЛУДА. БАС ПРОКУРАТУРАНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТИСТИКА ЖӘНЕ АРНАЙЫ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІНІҢ ДЕРЕКТЕРІ БОЙЫНША 2023 ЖЫЛЫ 10 748 АДАМ ІЗДЕСТІРІЛІП ЖАТСА, ОЛАРДЫҢ 2 176 ІЗ-ТҮЗСІЗ ЖОҒАЛҒАНДАР САНАТЫНДА ЕКЕН.

Айтақын МҰХАМАДИ
Суреттер ғаламтордан алынды.

Дүйсенбі - Понедельник, 29 қаңтар

ҚАЗАҚСТАН

06.05«Шаңырақ»
06.30 «Күй керуен»
07.00 «Таңшолпан»
10.00,13.00, 15.00, 20.00, 00.10 «Ақпарат»
10.10, 18.00 Т/х«Қилы күндер»
12.20, 13.10, 21.25 Т/х«Ауыл мұғалімі-2»
13.30 «Өмір көркем»
14.35, 03.40 «Дала дәмі»
14.50 «Ақорда»
15.15 «Апта»
16.05 Т/х«Жат бауыр»
20.30,00.40 «Ашық алаң» ток-шоу
22.15 Телехикая «Алданған арман»
23.10 «1001 түн»
01.35 «Сана»

ХАБАР

05.00 Мегахит. «Монте-Карло»
07.00 «Оян!»
10.00 «Бізге хабарласқан»
10.25 Семейное кино «Каспер: Легенда возвращается»
11.50 Мультсериал
12.00, 20.00 Т/х«Шерлі жүрек»
14.00 Т/х «Қара жәшік»
15.00 Т/х «Бәсеке»
16.00, 22.30 Сериал «Выбор матери»
18.00 Новости
18.20 Ток- шоу «Итоги»
19.00 Жаңалықтар
19.20 Ток шоу «Талқы»
21.45 Т/х «Қарасу»

АСТАНА

06.00 «Қош келдіңіз!»
06.50 Т/х «Ене»
07.20 М/с «Маша и медведь»
09.00,21.00 «Осман-4»
10.00, 22.45 Т/х «Ана бақыты»
11.00 Т/х «Кеш келген махаббат»
12.20, 23.45 Т/х «Кэ Бэк»
13.50,02.00 Т/х «Ақжауын»
15.40 Сериал «Осколки»
20.00 «Астана таймс»
21.55 «Лакшми» үнді т/х
01.00 Сериал «Склифософский»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 04.00 «Тамаша сити»
07.00,03.15 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.10 «Жить здорово»
11.00 «Давай поженимся!»
11.50 Легенд.детектив «Каменская»
14.00, 01.30 Новости
14.15, 01.45 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 02.45 Басты жаңалықтар
19.00, 02.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Розыск»
00.00 Сериал «Большой дом»

КТК

07.05 «Дау-дамайсыз»
07.30 Т/х «Жан жылуы»
08.00, 02.50 Т/х «Бақытты аңсағандар»
11.00, 01.20 «Юморина»
12.50 Мелодрама «Невеста моего друга»
15.00 Т/х «Жала мен жауыздық»
19.30,04.00 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.05 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 Мелодрама «Я заберу твою семью»
23.40 Остросюж.детектив «Спросите медсестру»
01.20 «Было дело»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 «Сапарлайық»
09.30 «Әсем әуен»
10.30 «Ел іші - өнер кеніші»
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «Единый народ»
12.30 «Әсем әуен»
13.00 «Өзекжарды»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 «Арнайы репортаж»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Ел мен жер»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Ән тыңдайық»
18.30 «Баспасөзге шолу»
19.00 «Бес қару»
19.30 «Ғибрат»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Түркістан жүрегімде» телехикаясы
22.35 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 Әзіл студио
07.00 «Күліп ал»
08.00, 23.00 Т/х «Чукур»
09.00 «Тайм вайн»
09.30 «Tik-Tok» шоу
10.00 Анимационный фильм
11.40, 12.30 Мультсериал
13.30 Кино «Путешествия Гулливера»
15.20 Кино «Телохранитель Киллера»
18.00 Кино «Сердце дракона»
20.00 Информбюро
21.00 Кино «Паранойя»
00.00 Кино «Широко шагая-2. Расплата»
01.40 «31 әзіл»
03.00, 04.30 Ватсап
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Bala Battlle
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.20 «Қуырдақ»
07.00 Т/х «Тек қана қыздар»
07.30 «Айна онлайн»
08.30, 02.10 Т/х «Бастық боламын»
09.20 Сериал «Шуша»
11.20, 19.40 Сериал «Медиатор»
13.30 «Тойхана»
14.00 Т/х «О махаббат»
15.00 «Қызықты weekend»
16.00, 23.10 Т/х «Жаңа қоныс»
17.10 «Жұлдызды шаңырақта»
17.40 Сериал «Эксперт»
21.40 «Восс әйел»
22.20 Т/х «Құзғын»
00.20 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
01.10 Т/х«Аяла мені»
03.00 «Япырай»
03.50 «Жеңіп көр»

Сейсенбі - Вторник, 30 қаңтар

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Шаңырақ»
06.30, 10.00,13.00, 15.00, 20.00, 00.10 «Ақпарат»
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Қилы күндер»
12.20, 13.10, 21.25 Т/х «Ауыл мұғалімі-2»
13.30, 02.45 «Өмір көркем»
14.35, 03.40 «Дала дәмі»
14.50 «Киелі Қазақстан»
15.15 «Бірегей»
16.05 Т/х «Жат бауыр»
20.30, 00.40 «Ашық алаң»
22.15 Телехикая «Алданған арман»
23.10 «1001 түн»
01.35 «Сана»

ХАБАР

05.00 Т/х «Мәдениет үйі»
07.00 «Оян!»
10.00 «В фокусе»
10.25 Мультфильм
11.50 Мультсериал
12.00, 20.00 Т/х «Шерлі жүрек»
14.00, 21.45 Т/х «Қарасу»
15.00 Т/х «Бәсеке»
16.00, 22.30 Сериал «Отпуск в сосновом лесу»
18.00 Новости
18.20 Итоги
19.00 Жаңалықтар
19.20 Ток шоу Талқы»

АСТАНА

06.00 «Қош келдіңіз!»
06.50 Т/х «Ене»
07.20 М/с «Маша и медведь»
09.00,21.00 «Осман-4»
10.00, 22.45 Т/х «Ана бақыты»
11.00 Т/х «Кеш келген махаббат»
12.20, 23.45 Т/х «Кэ Бэк»
13.50, 02.00 Т/х «Ақжауын»
15.40 Сериал «Осколки»
20.00 «Астана таймс»
21.55 «Лакшми» үнді т/х
01.00 Сериал «Склифософский»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 04.00 «Тамаша сити»
07.00, 03.15 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.10 «Жить здорово»
11.00 «Давай поженимся!»
11.50 Сериал «Каменская»
14.00, 01.30 Новости
14.15, 01.45 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 02.45 Басты жаңалықтар
19.00, 02.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости»
20.35 Сериал «Розыск»
00.00 «Большой дом»

КТК

07.05, 19.30, 04.00 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Жан жылуы»
08.00, 02.50 Т/х «Бақытты аңсағандар»
09.20, 21.00 Вечерние новости
10.10, 01.20 «Было дело»
11.00, 23.40 Остросюж. детектив «Спросите медсестру»
13.00, 21.40 Мелодрама «Я заберу твою семью»
15.00Мелодрама «Жала мен жауыздық»
20.00, 02.05 «Астарлы ақиқат»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «Ән тыңдайық»
12.30 «Баспасөзге шолу»
13.00 «Бес қару»
13.30 «Шаңырақ»/тікелей эфир
14.20 «Жетісу жаyhарлары»
14.30 «Ғибрат»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Менің арманым»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Ғасырлар сарыны»
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Табыс кілті»
19.30 «Туынды тарихы»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Түркістан жүрегімде» телехикаясы
22.35 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 Әзіл студио
07.20, 20.00 Информбюро
08.00,23.10 Т/х«Чукур»
09.00 «Time Vine»
09.30 «Тик-Ток» шоу
10.00 Кино «Широко шагая-2. Расплата»
12.00, 12.20 Мультсериал
13.20 Кино «Сердце дракона»
15.30 «Паранойя»
17.40 «Миссия невыполнима»
21.00 Кино «Флешбэк»
00.10 Кино «Дыши во мгле»
01.40 «31 әзіл»
02.40,04.30 Ватсап
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Bala Battlle
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.20 «Қуырдақ»
07.00 Т/х «Тек қана қыздар»
07.30 «Айна онлайн»
08.30, 02.10 «Бастық боламын»
09.20, 17.40 Сериал «Эксперт»
11.20, 19.40 Х/ф «Медиатор
13.30 Т/х «Тойхана»
14.00 Т/х «О, махаббат!»
15.00, 22.20 Т/х «Құзғын»
16.00, 23.10 Т/х «Жаңа қоныс»
17.10, 21.40 Т/х «Восс әйел»
00.20 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
01.10 Т/х «Аяла мені»
03.00 «Япырай»
03.50 «Жеңіп көр»

Сәрсенбі - Среда, 31 қаңтар

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Шаңырақ»
06.30, 10.00,13.00, 15.00, 20.00, 00.10 «Ақпарат»
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Қилы күндер»
12.20, 13.10, 21.25 Т/х «Ауыл мұғалімі-2»
13.30, 02.45 «Өмір көркем»
14.35, 03.35 «Дала дәмі»
14.50 «Киелі Қазақстан»
15.15 «Бірегей»
16.05 Т/х «Жат бауыр»
20.30, 00.40 «Ашық алаң»
22.15 Телехикая «Алданған арман»
23.10 «1001 түн»
01.35 «Сана»

ХАБАР

05.00 Т/х «Өз үйім»
07.00 «Оян»
10.00 «Мектеп»
10.25 Мультхикая
12.00, 20.00 Т/х «Шерлі жүрек»
14.00, 21.45 «Қарасу»
15.00 Т/х «Бәсеке»
16.00, 22.30 Сериал «Отпуск в сосновом лесу»
18.00 Новости
18.20 Итоги
19.00 Жаңалықтар
19.20 Ток шоу «Талқы»

АСТАНА

06.00 «Қош келдіңіз!»
06.50 Т/х «Ене»
07.20 М/с «Маша и медведь»
09.00,21.00 «Осман-4»
10.00, 22.45 Т/х «Ана бақыты»
11.00 Т/х «Кеш келген махаббат»
12.20, 23.45 Т/х «Кэ Бэк»
13.50, 02.00 Т/х «Ақжауын»
15.40 Сериал «Осколки»
20.00 «Астана таймс»
21.55 «Лакшми» үнді т/х
01.00 Сериал «Склифософский»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 04.00 «Тамаша сити»
07.00, 03.15 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.10 «Жить здорово»
11.00 «Давай поженимся!»
11.50 Сериал «Каменская»
14.00, 01.30 Новости
14.15, 01.45 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 02.45 Басты жаңалықтар
19.00, 02.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости»
20.35 Сериал «Розыск»
00.00 «Большой дом»

КТК

07.05, 19.30,04.00 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Жан жылуы»
08.00, 02.50 Т/х «Бақытты аңсағандар»
09.20, 21.00 Вечерние новости
10.00,01.20 «Было дело»
11.00, 23.40 Детектив «Спросите медсестру»
13.00, 21.40 Мелодрама «Я заберу твою семью»
15.00Т/х «Жала мен жауыздық»
20.00, 02.05 «Астарлы ақиқат»
23.40 Детектив.драма «Брюс»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «Ғасырлар сарыны»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Табыс кілті»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 «Туынды тарихы»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Жас тілші»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Бүгін» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Мақсатына жеткендер»
19.30 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Түркістан жүрегімде» телехикаясы
22.35 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 Әзіл студио
07.20, 20.00 Информбюро
08.00, 22.50 Т/х«Чукур»
09.00 «Тайм вайн»
09.30 «Tik-Tok» шоу
10.00 Сериал «Дыши во мгле»
12.00, 12.20 Мультсериал
12.50 Кино «Флешбэк»
15.10 Кино «Миссия невыполнима»
17.30 Кино «Миссия невыполнима-2»
21.00 Кино «Ямакаси»
23.50 Кино «Игра на выживание»
01.30 «31 әзіл»
02.30, 05.00 «Ризамын»
03.00, 04.30 Ватсап
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Bala Battlle

7 КАНАЛ

06.00, 05.20 «Қуырдақ»
07.00 Т/х «Тек қана қыздар»
07.30 «Айна онлайн»
08.30, 02.10 «Бастық боламын»
09.20, 17.40 Сериал «Эксперт»
11.20, 19.40 Х/ф «Медиатор»
13.30 «Тойхана»
14.00 «О, махаббат!»
15.00, 22.20 Т/х «Құзғын»
16.00,23.10 Т/х «Жаңа қоныс»
17.10, 21.40 Т/х «Восс әйел»
00.20 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
01.10Т/х «Аяла мені»
03.00 Т/х «Япырай»
03.50 «Жеңіп көр»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫ

ИТ АУЛАУ ҮШІН ДЕ ТЕНДЕР ӨТКІЗІЛЕДІ

2022 ЖЫЛДЫҢ 2 НАУРЫЗЫНАН БАСТАП «ЖАНУАРЛАРҒА ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ҚАРАУ ТУРАЛЫ» ЖАҢА ЗАҢ КҮШІНЕ ЕНГЕЛІ БЕРІ АДАМҒА ИТТЕН ҚАУІП КӨБЕЙГЕН. ӘРІ БҰЛ ЗАҢ ШЫҚҚАЛЫ ҚОҒАМ ПІКІРІ ДЕ ҚАҚҚА БӨЛІНГЕНІН БАЙҚАУҒА БОЛАДЫ. БІРІ ҚАҢҒЫБАС ИТТЕРДІҢ ЖОҒЫН ЖОҚТАСА, ЕКІНШІ ТАРАП БҰЛ ИТТЕРДІҢ ЗИЯНСЫЗЫН АЙТУДА. ҚАЛАЙ ДЕСЕК ТЕ, ӘЗІРГЕ ИТТЕРДІҢ ДЕГЕНІ БОЛЫП ТҰР...

Сонымен, жаңа Заң бойынша айтсақ, енді қаңғыбас иттерді ұстап алып, уақытша панажайға әкеп вакциналап, залалсыздандырып (медициналық піштіру), аяқтан тұрғанша күтіп-бағып, қайтадан көшеге қоя беру керек. Ал бұл қызметті тендер арқылы тек жеке кәсіпкер ғана жүргізе алады. Мемлекет ақшаны кәсіпкерлерге аударуы тиіс. Бұл тұста кей қоғам белсенділері «қаңғыбас иттердің туын көтергендердің ойы ақшаға келіп тірелетінін, яғни, бұл жерде қып-қызыл бизнестің иісі бұрқырайды» деп топшылауда. Әрі олар қорғансыз жануарларды жою – жауыздық екенін, бірақ иесіз жануарды залалсыздандырып, 15 күннен кейін суық, аш, далаға қоя беру шешім емесін де айтуда.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: ***«Біз жан-жануарларға қамқорлықпен қарауымыз қажет. Бірақ олардың адамдарға, әсіресе балаларға қатысты шабуылына жол бермеуге тиіспіз. Бұған қоса, бұралқы иттердің шабуылына тап болғандардың саны артып келеді. Бұған жол беруге болмайды. Барлықтарыңыздан іс-шара қабылдауды тапсырамын».***

Әлбетте, қоғамды ізгілендіру, жануарларға қайырым жасау мақсатында қабылданған заңға ешкімнің қарсылығы жоқ дегенмен, қаңғыбас иттерге қарсы жағдай ушығып тұр. Неге десеңіз, қараусыз иттердің адамдарға шабуылы күн санап артып келеді. «Түн тұрмақ, күндіз көшеге шығудан қалдық», – деген талдықорғандық тұрғындар ветеринарлық қызмет пен иесіз иттерді аулайтындардың жұмысына наразы.

Жаңа жылдан бастап Талдықорған қаласының көшелері қаңғыбас иттерге толды. Бұған алаңдаулы қала тұрғындары топтасып жүрген иттерді видеоға түсіріп, оны «Талдықорған инста» парақшасы жариялауда. Себебі көше кезген қаңғыбас иттердің салдарынан мектеп жасындағы балалар зардап шегуде. Мәселен, жуырда ғана «Жастар-2» тұрғын үй алабында ойнап жүрген мектеп оқушысын ит талағаны туралы ақпарат тарады. Жалпы әлеуметтік желідегі дерек көзінше, жыл басталғалы қараусыз иттен зардап шеккен 6 оқиға тіркелген.

Талдықорған қаласы бойынша, 3330 қаңғыбас ит пен 64 мысық ауланды. 270-ке жуық үй жануарлары иесіне қайтарылып, қорғау ұйымдарына берілді. Одан бөлек 495 бас қаңғыбас ит пен мысыққа кастрация жасалып, 253 бас ит пен мысық залалсыздандырылып, вакцинацияланды. 2378 бас қаңғыбас ит пен мысық ізгілік жолмен (эвтаназия) жойылды.

Қалада қаптаған қаңғыбас иттерге қатысты мәлімет берген облыстық ветеринария басқармасының бөлім басшысы Дархан Әбілбаев былай дейді: «*Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» заң шыққалы иттерді бұрынғыдай ұйықтататын дәрі беріп алып кете алмайды, тек қана арнайы торлармен ұстайды. Ұстаған күннің өзінде алып барып, ол иттерді 4 күн анықтайды.*



2023 жылы Жетісу облысы бойынша 12 933 қаңғыбас ит пен 134 мысық ауланған. Оның ішінде 850-ге жуық үй жануарлары иесіне қайтарылып, қорғау ұйымдарына берілді. 1500-ге жуық ит пен мысық кастрацияланды, 606-сы залалсыздандырылып, микрочиптелді. Ал 10 мыңнан астамы ізгілік жолмен (эвтаназия) жойылды.

Егер 4 күннің ішінде иттің агрессиясы жоқ болса, ұрғашысын стерилизация, еркегін кастрация жасап, қайтадан мекендеу орнына 10 күннен кейін еркегін, 15 күннен кейін ұрғашысын әкеліп жібереді. Оған қоса чип тағып, екпе жасайды.

2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап елді мекендердегі иесі бар иттердің барлығы чиптеуге жатады . Бұл жұмысты ветстанциялар мен жеке клиникалар атқарады. Ит үй ауласынан шығып кетіп, көшеде қараусыз жүрген жағдайда сканер арқылы анықталып, қожайынына 10 айлық есептік көрсеткіш көлемінде, яғни 34 мың теңге айыппұл салынады».

Өз сөзінде Дархан Қуатұлы Жетісу облысы бойынша үй жануарларына арналған баспанасын орналастыру үшін жер телімдері бөлініп, аталған жер телімдеріне жобалау сметалық құжаттамалары дайындалуда екенін де айтты. – *Қазіргі таңда облыстық бюджеттен «Жануарларға арналған баспаналар, уақытша ұстау орындарының құрылысы» бюджеттік бағдарламасы бойынша жобалау-құрылыс жұмыстарына 28,0 млн. теңге, құрылыс-монтаж жұмыстарына алдын ала 742,0 млн. теңге қаражат қарастырылуда.*

Ветеринар маман қоғамда жануарларға жауапкершілікпен қарау мәдениетін қалыптастыру керек деген ойын да жасырмады. Сондай-ақ ол қанша жерден емдік шараларын жүргізсе де, қараусыз иттің аты қараусыз ит болып қалады дейді. Айтуынша, соңғы жылдарда қаңғыбас иттердің саны күрт өскен. Мәселен, 2020 жылы олардың саны 7 мың болса, қазіргі таңда 12 мыңға жеткен.

«*Заң талаптарына сай жұмыс жасалып жатыр. Дегенмен иесіз иттердің қатары сейілмей тұр. Негізінде көшеде жүрген біраз иттің иелері бар. Заң талабынан қашқан адамдар иттерін босатып жібере салады. Неге десеңіз, ақылы болған соң иттерін чиптетуден қашады, өздеріне артық жауапкершілік алғысы жоқ. Ертең біреуді қауып алса да айыппұл төлегісі келмейді, істі болудан қашады. Егер жануарлардың иелері бірдейлендіруге қарсы болып, заң талаптарын орындамаса, оларға Әкімшілік құқықбұзушылық кодексінің талаптарына сәйкес шаралар қарастырылған. Тексеру жұмыстарын учаскелік полиция қызметкерлері атқарады», – дейді ол.*

2023 жылы Жетісу облысы бойынша Ішкі істер басқармасының тарапынан әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне сәйкес, облыс бойынша «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Заңын орындауда 31 адамға ескерту жасалып, 136 адамға 739 815 мың теңге көлемінде айыппұл салынды.

Маман айтқандай, қазіргі қаладағы көше кезген иттер егілмей қалса, аса қауіпті жұқпалы ауру таратушыға айналады.

2023 жылы денсаулық сақтау мекемелерінен 819 адамды тістеу, тырнау және т.б. фактілері бойынша шұғыл хабарламалар келіп түскен. Ауылдық (қалалық) округтердің ветеринариялық дәрігерлері 502 жануарды (иелері бар 436 ит, 53 мысық және 13 басқа жануарлар түрі) клиникалық бақылауға алып, нәтижелері бойынша жануарлардың иелеріне 474 анықтама берілді. Қалған 317 жануардың (252 ит, 58 мысық және 7 басқа жануар түрі) иелері жоқ екені анықталған.

Солардың бірі – құтырма. Сонымен қатар, иттен жұғатын эхинококкоз да емі жоқ ауру. Одан тек хирургиялық жолмен ғана құтылуға болады екен.

Дархан Қуатұлының сөзінше, «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Заңына тәуелді нормативтік құқықтық актілерді іске асыру мақсатында, бекітілген 4 бағдарламаны орындау үшін облыстық бюджеттен жалпы 170 млн. теңге қаражат, ағымдағы жылы облыстық бюджеттен 172,4 млн. теңге қаражат бөлінді. Осы бағдарламалар аясында жұмыстарды атқару үшін тендер жарияланды. 31 қаңтарда көрсетілетін қызметті атқарушы анықталады.

P.S: Бір күшіктегенде бірнешеуін өмірге әкеліп, көше толтыра көбейіп жатқан қаңғыбас иттердің мәселесі реттеуді қажет етеді-ақ. Санада сан сұрақ. Соның бірі: киіктердің санын реттеуде белгілі бөлігін атуға рұқсат берген үкімет қаңғыбас иттер мәселесін реттеуде қолға мылтық алудан неге бас тартып отыр деген заңды сұрақ туындайды? Ал, бұл туралы, сіз не дейсіз?!

С. ҚАСЫМБЕККҚЫЗЫ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘҢГІМЕ

Ананың арманы

Мен әжемді дүниедегі ең бақытты ананың бірі санайтынмын. Өз құрсағынан шыққан үш ұл, бір қыздан өніп-өскен өркеннің өзі кішігірім бір ауыл дерліктей боп қалдық. Ең үлкені менің әкем Көсембай – колхоздың бас бухгалтері, дүниені қалай шайқап жүремін десе де қолынан да, тілінен де келеді; ортаншысы Әсембай – колхоздың маңдайалды шопандарының бірі. Москва, Алматыдағы мәжіліс, көрмелерге жылына үш-төрт мәрте барып қайтады; кіші ұлы Еселбай – жоғары оқу орнын, одан кейін аспирантураны бітірген, ғалым деген атақ алуға сүйем қарыс жүрген адам, қазір аудандағы беделді қызметкер; ал кенжесі Мәржәпия – үш ағасының арқасында маңдайынан ешкім қақпай бұла боп өскен, адуын қыз, жуырда ғана ауылдағы ең көрікті жігітке ұзатылды.

Міне, әжемнің барар өрістері осындай. Ендігі бір аңсайтыны – шөбере сүю, тек әттең немерелері кәмелетке толмай жатыр. Немерелерінің ең үлкені – мен, он алтыға биыл ғана толдым. Әрине, он сегізге тола қалған күнде де үйлене қояйын деп жүрген мен жоқ. Бірақ әжемнің жатса-тұрса армандайтыны – менің тезірек өсуім.

– Жеңісбегімді аяқтандырып, осының бір шүйкебасын көрсем, – деп тілейді. Мен оның сөзін естімеген адамша қызаңдай күліп, үнсіз құтыламын. Былай шыға бере ойға қаламын да, іштей: «Әже-ау, көресің ғой әлі бәрін. Тіпті мені қойып, биыл ғана мектепке барған Есеттің де шүйкебасын көрерсің әлі», – деймін. Шынында да менің әжем әлі жас – алпыстың үшеуінде ғана, кәрілікке жеңдірмеген, жүріс-тұрысы жинақы, пысық. Алайда қарадай жүріп өлімге даярланғанына біраз жыл болды.

– Асқазанымның түбінде бір пәле бар. Қанша жүргізер дейсің, алып тынады ғой, – деп қояды.

Өзінің еншісіндегі үлкен кебеже қара сандықта: үш баласы әперген үш қамзол бар – көк барқыт, жасыл барқыт, қоңыр барқыттан тігілген, бірде-бірін иығына ілген емес, әдемілеп қаттап-бүктеп, қалампырлап салып қойған. Ол аздай әнеу бір кезде Мәржәпия қара плюштен тағы бір камзол тігіп әкеп берді. Сонда, әжемнің қазір, сүйегіме салынады деген төрт су жаңа камзолы бар, ал тазадан тігілген, атлас, шәйі, жібек көйлек дегендер бүкіл бір ауылдың кемпірлеріне үлестіруге жетерліктей шығар.

Амал не, әжем соның бірін кимейді. Ылғи бір арзан бұлдан тігілген көйлектер мен әкемнің етек-жеңі қырқылған ескі пиджагін киіп алып, ертеден қара кешке дейін салп-сұлп етіп, шаруасынан қолы босамай жүргені. Бейнетқор-ақ адам. Қай баласының үйіне барса да, басынан асқан үй шаруасына тап болады.

Әкем колхоздың бас бухгалтері бола тұра біздің үй қысы-жазы отынға бір жарығаны емес. Ағаш отындар арбалап келіп те жатады, бірақ жылан жұтқандай еш шақ келмейді. Бірер жетіден кейін сирағымызды жаққандай боп отырып қаламыз. Сондайда әжем маған бір арбаны жеккізеді де, мал жайылған өріске барып күні бойы тезек тереміз, қурай орамыз, ал кейде кетпенмен тобылғы шабамыз.

Әсембайдың үйіне барса, көзі сығыраңдай жасаурап, күндіз-түні ескі қара іс машинасының құлағынан түспейді. Соның үпір-шүпір болған қара сирақ балаларына киім тігіп, ескі-құсқысын жамап-жасқап, кір-қоңдарын жуып беріп тақа болдырады.

Ал Еселбайдікіне барды дегенше, әжемді кебежедей қара сөмкені арқалап, аяғынан таусылып күніне бір рет аудан орталығындағы дүкен атаулыларды адақтап шықты дей бер. Қай дүкеннің алдында кезекте тұрған жұрт болса, әжем солардың ішінде.

Қысқасы, бір баласының үйінде жаны жай тауып, рахаттанып отырған емес. Енді соңғы кезде Мәржәпия да қыңқылдап, мазасын алып жүр. Аяғының ауырлай бастағанын, жақында сәбілі бола қалса, әжемнің өз қолына барып тұруын жиі айтады.

Мүмкін соның бәрі де ана үшін бақыт шығар. Өле-өлгенінше қолынан келгенінше балаларының отымен кіріп, күлімен шыққанды әрбір ананың өзі-ақ тілейтін шығар. Өйткені әжемнің көрші-көлең кемпірлерге:

– Е, Алла, осылардың бейнеті – маған зейнет емес пе. Осылардың алдында өлсем, арманым бар ма, – деп айтқанын талай рет естігем. Сондықтан да мен әжемді дүниедегі бақытты ананың бірі санайтынмын.

Кей-кейде біз ағайынды балалар өзара дүрдараз боп, шаң-шұң шығарып, төбелесіп қалғанымызда, әжем жанұшыра кеп арамызға түсетін, бірімізге ұрысып, бірімізді жұбататын. Ал ара түскеніне бой бермей, қызыл шеке бола бастасақ, әжем бар даусымен налып, айқай салушы еді.

– Құдай, құдай… Осы ит жыны бірікпеген иттердің ортасында азапқа салғаныңша, алсаң етті мені! – дейтін. Мұндайда жүзіндегі әжімі қалыңдап, өзі бір уыс боп бүрісіп, қасірет шеккен күйге енетін. Әжемнің осы сөздерін естіп, осы күйін көргенде тұла бойым шымырлап кетуші еді. Ұшып түсіп, аяғына жығылып, бас ұрып, жалбарына кешірім сұрағым келетін. Бірақ осы сәтіне қарап оның бақытты екеніне шек келтіруден мүлдем аулақпын.

Әжем менімен кішкене күнімнен сырлас. Екеуміз оңаша қалғанымызда өткен-кеткенін айтып, ерінен жастай жесір қалып, үш ұл, бір қызды қалай адам ғып өсіргенін әңгімелейтін. Мен әжемнің көрген бейнетіне, кереметтей төзімділігіне жаным аши отырып, сүйсінемін. Сондайда қолымнан келсе, әжемді үлде мен бүлдеге орап, тырп еткізбестен төрге төрт қабат көрпенің үстіне отырғызып қойсам деп арман етуші едім. Менің осы ойымды жақсы ұғатын әжем:

– Қозым, қозым… Сенің осы айтқаныңның өзі-ақ маған үлде мен бүлде емес пе. Айналдым сенен! Басқа күшіктер тегіс жиналып бір төбе болғанда, сен өзің бір төбе емессің бе, маған, – деп еміренетін.

Сол әжем биыл менімен бұрынғыдан да гөрі етене сырласатын болды. Жазға салым бір айдай Әсембайдың үйінде жатып қайтқаннан кейін көзі кіртиіп, жүдеу тарта бастады. Ешкімге байқатпай жиі-жиі күрсініп, үнілейтінді шығарды. Балалар өзара төбелесе қалса, бұрынғысынан да қатты қапаланып, «құдайды», «қу» да, «шұнақ» та деп әбден даттап, ащы-ащы қарғанатын.

– Қу Құдай, шұнақ Құдай, осылардың күйігіне күйдіргенше, алсаң етті мені, – дейтін күйініп. Ал кейде оңаша қап жүн түткен боп отырып, ешкімге көрсетпей өзінен-өзі көзінің жасын іркіп алатын.

Бір күні екі кештің арасында біздің үйге Мәржәпия келді. Үйіндегі шаруасын істеп жүріп, шығып кеткен беті болса керек: жеңін түріп алған, білегі қамыр-қамыр, алшалғышы ұн. Аузы сылпылдап сағыз шайнап жүр. Әдетінше шолжаңдап келіп:

– Тәтемнің (менің шешемді «тәте» дейтін) не тәттісі бар екен, жеп кетейінші, – деп, ас тұратын жерлерді тінте бастады. Онан қолына іліккендерді қомағайлана асай жүріп, төр бөлмеге кірді де, шифонер, чемодандарды ақтарды. Әлден уақытта сықылықтай күліп, қолтығына әлденені қыстыра шықты да:

– Тәтем іздемесін, мына біреуін мен алдым, – деп жүгіре басып кетіп қалды.

– Мынау неғып жүр ей, екі кештің арасында ербиіп, тағы несін әкеттің, – деп бажылдаған әжемнің сөзін құлағына да ілген жоқ.

Біраздан соң жұмысынан қайтқан шешем, (балалар бақшасында істейтін) кешкі асты әзірлеп, оны ішіп болғаннан кейін әжеммен ақылдасқандай:

– Бүгін өзіме бір көйлектік зат алып едім, соны қалай тіксем екен, – деп қойып, төргі бөлмеге барып шифонерді ашты. Ашты да астан-кестең ақтарыстырып, ас бөлмеге қайта шықты.

– Сіз ашып бір жерге қойған жоқсыз ба, әже? – деді.

– Жоқ, көрмедім, – деді бір пәленің боларын сезген әжем аянышты үнмен. Осы сәттегі ұрты суланып, қуарған қалың әжімді әжемнің жүзіне адам қарарлықтай емес еді.

– Ибай-ау, қайда кетті онда?

Күрсілдетіп алма жеп отырған кішкентай қарындасым мұрнын бір тартып қойып:

– Жаңа Мәжия тәтем бірдеңені ұрлап, алып кетті, – дегені. Сол сол-ақ екен, шешем тас-талқан болды. Көзі шатынап, көкпеңбек боп долданып, Мәржәпияны көктен алып, жерге салды. Айтпаған сөзі қалмады. Тісін шұқып отырған әкем жайлап қана:

– Жә, болды ғой енді, со бір төрт метр зат әкеңнің құны емес шығар, – деп еді, шешем одан әрмен тулап түсті. «Осы сенің тұқымдарыңнан-ақ құтыла алмадым, не асқа жарытпайды, аузыңнан жырып, не киім кигізбейді», – деп өзіне тарпа бас салды. Ақыры:

– Кірсінші енді, сол қатын осы үйге, тура аяғын сындырамын, – деп барып тынды.

Әжем ләм деген жоқ. Бір-ақ уыс боп шөгіп, бүрісті де отырды. Төсекке де со бойын жазбаған күйде бір уыс қана боп

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘҢГІМЕ

жатты. Түні бойы ұйықтаған жоқ, әлсін-әлсін естілер-естілмес күрсінумен, үнілеумен болды. Түннің бір уағында оның үнсіз жылап жатқанын да сездім.

Бірақ ертеңіне, сол күндегі әдетінше түк болмағандай, қора маңындағы кепкен тезектерді жинап, түске дейін таба нан жапты. Онан соң маған:

– Бүгін түстен кейін бір тобылғы шауып әкелейікші, арба жекші, – деді.

Әжем екеуміздің ең бір жақсы көретін сәтіміз – арбаға отырып отынға баратын кез. Атты жай аяңға салып қойып, әжелі немерелі екеуміз нағыз тең тұстас сырластардай-ақ ананы-мынаны сөз етіп, қызу әңгімеге кірісеміз. Әжем мені еш уақыт жассынып, кемсітпейді, қайта мені медеу тұтқандай көңілінде кірбіңі, назы болса айтып, шерін тарқатады.

Жаздың ми қайнатқан ыстық күні. Түс ауа аптабы сәл қайта бастаған. Бірақ төңіректің бәрі аңызаққа соғылып, зеңіп тұр. Шыбындап мазасы кеткен ат жай жүрсе де қара тер боп келеді. Әжем екеуміз арба үстінде қол шатырды көлеңкелеп отырмыз. Алған бетіміз – Терең сайдағы тобылғылы қия. Әжем сол Терең сайда жасырақ кезінде қалай тобылғы шапқанын әңгімелейді.

– Ол кезде әнеу бір тұмсықта әктас қайнататын, – деп, Терең сайдың төменгі тұсындағы найзаша шаншылған көк тасты нұсқап қойды. – Соған жағу үшін тобылғы шабатынбыз. Балалардың бәрі жас, осы Көсембай сонда он бірде де, Әсембай сегізде, Еселбай апыл-тапыл ғана жүретін. Үйге қалдырып кетейін десем, сеніп тапсыратын адамым жоқ, сонан үшеуін де күнде өзіммен бірге тобылғы шабатын жерге алып барамын. Сонда күніне бір арба тобылғы шабатынмын. Жігіттің жігіті ғана ілесуші еді маған. Кешкісін бір күнде шапқан тобылғымды таудай етіп арбаға тиегенде (ондағы арба қандай?!), әлгі жігіттер: «Апыр-ай, Бәзила-ай, тобылғы шабу үшін жаралғансың ғой, сірә», – деп қайран қалатын…

Терең сайға да жеттік. Атты сайдың табанына доғарып, кетпендерімізді алып, тобылғылы қияға да шықтық. Мен екі кетпенді иығыма салып, алдына түстім де, әжем екі қолын артына қайыра ұстап жайымен дем ала, дем ала көтерілді. Ентіге жүріп, сөйлеп келеді.

– Шіркін-ай, өсіп кетіпті-ау… сол жылдары тып-типыл ғып-ақ тастап ек, – деп қалың өскен тобылғыға сүйсінді.

Қияның тобылғысы шынында да бітік екен. Шетінен қамшыға сап болардай қызыл күрең тобылғылар адамның бойымен бірдей, әр түбі бір арқа отын. Арасынан өтіп жүру қиын.

– Жеңісжан, міне, мына бір жерден бастайық. Баяғыда осы арадан мен, әнеу бір тұстан Зарқом марқұм, онан әріректен қазіргі мына сиыршы Исабай шал түсіп жарысушы ек… Біссміллә… Өйбүй, Жеңісжан, мынау түскірің жеп-жеңіл ғой, алдыңдағы ауыр кетпенді маған бер… Иә… ым-м, өстімесе іс өне ме, балам-ау…

Әжемнің өңі жасарғандай, өзгеше бір гүл жайнап шыға келді.

Ала-құла, бірі бар, бірі жоқ тістерін көрсетіп күлді. Онан соң алақанына түкіріп қойып, кетпенді құлаштай көтеріп сілтей жөнелді. Кетпенді әр сілтеген сайын екі иінінен ыңқылдай шыққан «үнілеу» естіледі. Бірақ сол «үнілеудің» өзі әжемнің әр қимылына екпінді салмақ қосып тұратын сияқты көрінді. Әп-сәтте бір өзі үлкен арқа тобылғыны қопарып та тастады. Шаңытқан әжімді жүзінен айғыз-айғыз боп тер ағып, алқына кеп демалуға отырды.

– Деміңді ал, балам. Аса зорланба, – деді маған.

Екеуміз енді қатарласа отырып, солығымызды басып, үйден алып шыққан айран толы торсықтың аузын шештік. Әжем қышқылтым, салқын айранды тамсана отырып асықпай жұтады. Шөлі қанған соң кимешегінің етегімен аузын, маңдайының терін сүртіп, маған мейірлене қарады.

– Қуатым менің, қозым, – деп кекілімнен сипап қойды.

Тобылғыны тағы да біраз өндіре шауып, демалуға екінші рет отырғанымызда әжем маған сыр қылғандай іште жатқан бір әңгімесін бастады.

– Әлгі Әсембай сенің әкеңнің бетін көрмеймін деп ренжіп жүр, – деді торыққан үнмен. – Көсембай да оңбайды, сол иттің алашағына тиіп қайтеді екен десеңші. Осы жазда жүнді жақсы қырыққаны үшін колхоз сыйлық жазған екен, сонысын мынау осы жақта сыртынан қол қойып алып қойыпты ғой. Соны, анада мен үйінде жатқанда естіп, бұлан-талан боп: «Біз мұнда қысы-жазы мал соңында телім-телім боп жүреді екенбіз де, сыйлықты жаны тыныш жүрген сол сыртымыздан қол қойып алады екен ғой. Мен барып басқармаға арыз етем», – деп қиғылықты салды ғой. Мен де ұрыстым өзіне: «Ауысқаның сол ма еді, ит. Біріндібірің сүйеудің, жебеп-қолдаудың орнына, қит етсе: арыз айтам, ойбай сөйтем, ойбай бүйтем деп, жауығуға әзірсіндер, түге», – деп. Көсембайдан сұрасам: «Алғаным рас еді, өйтіп ренжитінін қайдан білейін», – дейді… Керегі не еді десеңші соныкін алып. Ол иттің мінезі де мінез емес, дойыр ғой. Бір күні болмаса, бір күні үлкен деп сыйламай, тік келіп айтып тастаса, көңілін қалдырады… Көңіл деген бір қалса, жаман ғой. Беу-у, Құдай-ай, осылардың арасына дәнекер болам деп-ақ өлетін болдым… Бәрінің емгені бір ананың ғана – бір менің ғана ақ сүтім еді… Әжем ауыр күрсініп, маңдайының терін сүртті. Қабағы кіртиіп, ұрты бұрынғысынан да ортайып, әбден діңкелеп шаршаған кейіпте отырып қалды.

– Мәржәпия да оңбайды, түнде ғой, әне, сенің шешеңді қан қақсатып кетті. Қанша айтамын сол қызға: «Енді үйің бөлек, күйің бөлек жансың, жеңгелеріңе абайлап еркеле, екі ортада бауырларыңды ренжітіп аласың», – деп. Құлағына кірмейді ғой, неғылған кеще екенін. Тіпті әрі-беріден кейін қақсай-қақсай заржақ атанады екенсің. Түнде, әне, сенің шешең де ішіндегісін тегіс ақтарды, ал сол жақсы ма?! Ең болмаса, менің көзім тірі тұрғанда тату болса екен де, мен өлген соң не болса о болсын… Құдай ғой, мені де осылардың тозағына күйдіріп қойған… Ел қайдан білсін: «Ойбай, анау пәленшені қарашы жетім-жесір боп өсіп еді, енді, әне, балаларының түздегісі түзде, ойдағысы ойда шетінен жетілген, болған-толған, бақыты жанған кемпір екен», – дейді. Ал мен сорлы осылардың иттігін білдірмеймін деп түздегісіне түзде, ойдағысына ойда тыраштанам. Қайсысының үйіне барсам да: «Келіндерім ренжімесе екен», – деп отымен кіріп, күлімен шығам. Мен оларға ене емеспін, жалдап алған бір күңмін. Баяғыда бай ауылдарының жалдап алатын сондай бір күндері болушы еді.

Әжем иегі дір-дір етіп кемсеңдеп, көзіне іркілген ыстық жасты төгіп-төгіп алды. Мен сай-сүйегім сырқырап, енді аз болса өкіре жылап, әжемді бас салуға шақ отырмын. Тамағыма жас тығылғандай боп сөйлей алатын емеспін…

Сөйтіп, әжем екеуміз тобылғыны дәу бір арба ғып шауып қойып, терең сайдың ішінде шер тарқатысып, күн ұясына қонғанша отырдық. Үйге кешкі салқынмен қайттық.

Есік алдына әкеп, тобылғыны түсіріп, үйге кірсек, Еселбайдың он үш-он төрт жасар үлкен баласы келген екен. Әжем оны мекірене иіскеп, маңдайынан сүйді.

– Қара пұшығым-ау, жігіт боп өсіп қапсың ғой. Әлгі жаман әкең қайда? Со кітаптарын кеміріп жатыр ма? Неге келмейді? – деп үсті-үстіне бастырмалата сұрады. Сірә, бір ай көрмегенге кіші ұлын сағынып қалған сияқты.

– Қолы тимейді, – деді бала.

– Қолы тимейді, – деп оның сөзін кекете қайталады әжем.

– Бір күнгі демалысында осы тұрған жерге машинасымен сыр еткізіп, келіп-кетуіне болар еді ғой.

Осы кезде төргі бөлмеден шыққан менің шешем:

– Әлгі кіші келініңіз, апам дәметеді-ау деп, ең болмаса, бір-екі кәмпит те бермепті, – деп сөзге киліге кетті.

– Жә, кәмпиті бар болсын, дәметпеймін. Өздері аман болсыншы, – дейді әжем шешемнің сөзіне мән бермей.

Менің шешем мысқылдағандай кекете күлді.

– Келініңіздің қолының қатты екенін білесіз, әрине, дәметпейсіз.

Әжем жаратпай оқты көзімен бір қарады да, бұрылып әрі қарай өтіп кетті.

– Сондай да сөз бола ма екен, – дедім мен ыза болып.

– Ибай, енді қалжың айтуға да болмай ма, – деп күлген болды шешем. «Қалжың», осы «қалжыңның әжеме шаншудай қадалатынын ұқсаң етті, апа-ау! Жоқ, әлде өз басыңа келмей ұқпаспысың…». Күйіп кеттім, бірақ өз анама не дей қояйын.

Бұрындар отыннан қайтқанда бір самаурын шайды бір өзі төңкеретін әжем, бұл күні екі-үш шыны-аяқтан әрі іше алмады.

– Жүрегім лоблып, батпай отырғаны, – деді.

Бүгін күндегіден ерте жатты. Ертеңіне таңертең шошып оянып:

– Бұ, шекілдеуік шаққан қайсысың? Менің тамағыма қабы кетіп тұрып қалды ғой, – деп басын көтерді. Бірақ шекілдеуік шақпақ түгілі, біздің үйде шекілдеуіктің тұқымы да жоқ еді.

Төсегінің үстінде отырып, қақырынып-жөткірініп, жұтынып әлекке түсті де қалды. Жұтып жіберсін деп, су да әкелдік, бірақ еш көмегі болмады. Ертеңгі шайға әжем ел қатарлы отыра алмады. Дереу дәрігер шақырттық. Әжемнің аузын ашып, тамағының ішінен де, сыртынан да басып қараған дәрігер, әкем мен шешемді оңашалап ап, науқастың өте ауыр науқас – қылтамақ екенін айтты. Осыдан кейін әжем ауруханаға жатып та, үйде жатып та ұзақ емделді. Бірақ айығудың орнына науқасы күн санап күшейе түсті. Әжем тамағынан мүлдем ас өтпейтін халге жетіп, әбден жүдеді. Салдырап құр сүйегі ғана қалды. Ендігі жерде аузына қара суды тек бал қасықпен ғана тамызып отыратын болдық.

Біртіндеп әжемнің тіршілігінен күдер үзе бастадық. Түн баласына күзетіп отыруға тура келді. Әбден әлсіреп, күні жеткенін сездіау деймін, бір күні Әсембай мен Еселбайға хабар беріндер, арыздасып қалайын деді. Дереу ауданға да, таудағы Әсембайға да адам шаптырдық. Түске жақын бір машина боп үйіліп-төгіліп бар семьясымен Еселбай, бірер сағаттан кейін бір машина боп Әсембайлар келді. Бәрі кеп жылап-сықтап, әжемнің қолынан сүйіп, маңдайынан иіскеп, бала-шағаларымен қоршалай отырды. Әрқайсысы өздерінің арыз-армандарын айтып, ақтық демі қалған аяулы аналарына жәудірей қарайды. Бәрінен де Әсембай бостау екен.

– Анашым-ау, анашым-ау… Арманда кетіп барасың-ау, Арманың не, арманың?.. – деп бір-екі рет төніп барып, жылап-жылап алды. Әжем оған бозара қараған күйі «жылама» дегендей ернін қыбырлатты. Сірә, қысылып жатқан болуы керек. Сол қысылудан тек күн батар сәтте ғана айықты

– Су, – деді.

Мен аузына бір-екі тамшы су тамыздым. Әлденгендей болды. Сыбырлап қана:

– Сыртқа шығаршы, – деді.

Бәріміз қаумажаулап сыртқа алып шықтық. Жаздың маужыраған желсіз тымық кеші. Күн ұясына қонуға таяпты. Аспан көк мөлдір. Әжем дәл үйдің іргесіне отырғыз дегендей ишарат көрсетті. Екі-үш қабат киіз төселген іргеге отырып, әлсіз қолымен көзін күннен көлегейлеп төңірекке қарады. Кең дүниені соңғы рет бір армансыз қарап қалайын деген сияқты, әр нәрсеге шұқшия кадалады.

– Арманыңды айтшы, апа? – деді Әсембай.

– Арманым… бар ғой, – деді әжем әлсіз үнмен. – Арманым… – сендердің татулықтарың…

Осы мезетте әлдеқайдан алыстан аңырата шырқаған ескі бір әуен естілді. Бәріміз де селт етіп құлақ тостық. Жас өспірім жігіттің ауқымды кең даусы:

Талдан таяқ жас бала таянбайды,
Бала бүркіт түлкіден аянбайды… –

деп жаңғырықтыра созады. Әжем дір ете түсіп, қолын көлегейлеген күйі алысқа тесірейе, тесілді де қалды.

– Мынау бір ескі әуен ғой, біздің жас кезімізде шығып еді, – дейді дегбірсіздене сыбырлап. – Айтып келе жатқан Нәбиден-ау, шамасы. Даусы қандай жақсы еді.

Енді көрдік, ауылдың төменгі жағындағы жалғыз аяқ жолмен екі-үш адам келе жатыр, әнді айтып келе жатқан солардың бірі. Әжем қалтқысыз танып отыр. Мынау – көшеде ылғи өлең айтып жүретін Нәбиденнің дауысы.

Жаңа байқадым, иегі дір-дір етіп, өксік қысып, әжемнің көзінен шыққан бір-екі моншақ жас жүзіндегі әжім сайларын қуалай бастады. Мұны көріп тұрып бәріміз де егіліп, көзімізге жас алдық.

– Анашым, анашым… – деді Әсембай көз жасын жұта демігіп.

Күн ұясына қонған кезде әжемді үйге қайта алып кірдік. Тағы қысыла бастады. Әне жүріп кетеді, міне жүріп кетеді деп, минутын санаумен отырмыз. Түн жарымынан ауды. Менің әкем екі інісін алып ас бөлмеге кеткен. Әлден уақытта Еселбайдың:

«Өтеуге борышым, анашым,
жан сырым… –

деп жылай әндеткен жуан қоңыр даусы шықты. Менің шешем жүгіріп шығып:

– Өй, әдепсіздер, тыныш! – деп жекірді. Ән бір сәтке басыла қалды да, сәлден соң тағы естілді. Менің әкем мен Әсембай бір кез көздері қып-қызыл былаудай боп кеп, әжемнің бас жағына отырды. Ауыздарынан арақ иісі бұрқырайды. Ал Еселбай сол еңіреп, әндете жылаған күйі ас бөлмеден шыққан жоқ.

Әжемнің тыныс алуы сиреп, ауыр бір алқынысқа айналды. Оң қолының білегінен ұстап отырған Әсембайдың әйелі: «Әжетайым-оу!»… – деп булығып еңіреп жіберді. Еңіреп отырып, қайта-қайта еңкейіп қолынан сүйгендей болды. Сөйтіп отырғанда оның ар жағында отырған Мәржәпия кенет аяғын біреу басып кеткендей баж ете түсті.

– Аулақ әрі, әпкел шешемнің жүзігін, өзім алам, – деді.

– Ей-й, қыз-зоу, жәй-иің-нә от-тыр-саң-шоу, – деп жылай сөйлеген күйінде Әсембайдың әйелі әжемнің қолына тағы еңкейген. Мәржәпия оны қағып жіберді. Ұмтылып кеп әжемнің қолына өзі жармасты. Бұл тағы да еңкейіп, әжемнің саусағын тілімен жалап, жүзікті ары тартты, бері тартты, бірақ шығара алмады.

Мына екеуінің қылығы бәрінен де қатты батты. Әжем болса ықылық атып, ақтық демін алып жатыр. Дереу ұшып тұрып бардым да, егеу алып келдім. Әуре боп отырған Мәржәпияны да ұрысқанына қарамастан итеріп тастап, жүзіктің бір шетінен ептеп егей бастадым. Жіңішке жүзік біраз егеген соң қиылып кетті. Майыстырып әжемнің қолынан шығарып алдым да әйелдердің:

– Маған бер!

– Маған бер!.. – дескендеріне қарамастан ашық терезеден сыртқа лақтырып жібердім.

Біреу желкемнен нұқып қалды. Әкем екен.

– Ақымақ, ол алтын жүзік, неге лақтырасың, – деп ызғарлы зекірді.

Осы кезде әжемнің қолы сылқ етіп жерге түсіп кетті.

– Анашым-ау, анашым-ау!.. – деген Әсембайдың ащы үні шықты. Үйдің іші азан-қазан, у да шу боп, бірімен-бірі көрісіп, ілезде басты айналдырып, құлақты тұндырып жіберді. Есік жақта отырған көрші шал кеп әжемнің қол-аяғын уқалап, көзін жапты. Зарлатып құран оқыды.

Өксігімді баса алмай, жүрегім қысылып далаға шықтым. Жұлдыздар шым-шытырық, орын ауыстырып алғандай бірі төмен, бірі жоғары шығып айқыш-ұйқыш боп кетіпті. Тек Темірқазық қана қаққан шегедей сол бір орнында бедірейіп тұр. Жарқырап Шолпан туды. Құлан иектеніп таң білінді. Үйдегілер тысқа шыға бастады. Әсембайдың әйелі мен Мәржәпия жарыса шығып, терезенің тұсына кеп жүзікті іздеуге кірісті.

– Жеңісжан, қалай лақтырып едің? – деп сұрайды менен. Мен жауап қатпай, теріс айналып кеттім. Ту сыртымнан әлдекім:

– Жарықтық, төрт түлігі сай, үрім-бұтағының алдында жақсы аттанды, – деді. Қарасам, әлгі көрші шал екен.

Әжемді көргім келді. Үйге кірсем, шымылдық құрып, оң жаққа салып қойыпты. Әлгіндегі кісі құжынап отырған бөлмеде жан қалмаған, далаға шыққандары далаға шығып, қалғандары ас бөлмеге кеткен.

Мен ақырын басып шымылдықтың тұсына келдім. Енді ашуға оқтала бергенімде, ар жағынан әжемнің «үһ» деп күрсінгені естілгендей болды. Зәре-құтым қалмай атып тысқа шықтым.

– Қорқып кетіпсің ғой, қарағым, не болды? Не болды? – деді қарсы келген көрші шал.

– Әжем күрсініп жатыр…

– Қой, олай бола қоймас, – деп көрші шал үйге кірді, тағы да зарлатып аят оқыды. Онан соң шымылдықты ашты.

– Міне, әжең ұйықтап жатыр, қарағым, – деді. Әжем шынында да аппақ боп созылып, ұйықтаған адамша жатыр. Ұрты суалған, қабағында жалғыз мен ғана танитын кейістік бар.

Сайын МҰРАТБЕКОВ

qazaqadebieti.kz. сайтынан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРОГРАММА «ДЕЛОВЫЕ СВЯЗИ»

НАЧАЛСЯ ПРИЕМ ЗАЯВОК ДЛЯ УЧАСТИЯ

КАК СООБЩАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА АЛМАТИНСКОЙ ГОРОДСКОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ, В АЛМАТЫ НАЧАЛСЯ ПРИЕМ ЗАЯВОК ДЛЯ УЧАСТИЯ В ПРОГРАММЕ «ДЕЛОВЫЕ СВЯЗИ». ПРОГРАММА ПОЗВОЛЯЕТ РУКОВОДИТЕЛЯМ МАЛОГО И СРЕДНЕГО БИЗНЕСА КАЗАХСТАНА ПОЗНАКОМИТЬСЯ С РЫНКОМ ГЕРМАНИИ, УСТАНОВИТЬ ДЕЛОВЫЕ КОНТАКТЫ И НАЛАДИТЬ ДОЛГОСРОЧНОЕ ПАРТНЁРСТВО С НЕМЕЦКИМИ КОМПАНИЯМИ.

Прием документов продлится до 2 февраля 2024 года.

В этом году набор ведется для руководителей компаний, которые работают в сферах сельского хозяйства и пищевой промышленности, зеленых технологий, а также для предпринимателей, работающих в различных сферах экономики.

Критерии к участникам:

1. руководители высшего звена субъектов МСП;

2. деятельность в секторах экономики: компании, работающие в сфере умного сельского хозяйства (Smart Farming), сфера зеленых технологий, а также все сферы экономики;

3. наличие среднегодового дохода не менее 10 000 (десяти тысяч) МРП.

Пакет документов:

1. Заявка на участие в стажировке для НПП РК «Атамекен»;

2. Анкета (application form);

3. Обязательство участника в рамках реализации инструмента «Деловые связи»;

4. Буклет с информацией о компании или презентация в PowerPoint;

5. Техническая спецификация продукции, оборудования и т.п., которые Вы хотите купить/продать (при наличии);

6. Письма фирм _____ (принимающей страны), свидетельствующие об их интересе к Вашим предложениям/обращениям (при наличии);

7. Справка о полученных доходах в РК с сайта eGov.kz о подтверждении доходов налогоплательщика за последние 3 года (36 месяцев);

8. Справка о государственной регистрации или приказ на директора.

«Программа «Деловые связи» предназначен для топменеджеров и руководителей МСБ. Входе четырехнедельной стажировки участники посещают немецкие компании схожего профиля, изучают конкретные вопросы бизнеса и устанавливают индивидуальные деловые отношения, включая передачу технологий, приобретение оборудования, взаимные поставки товаров, работ и услуг, приобретение франшизы и создание совместных предприятий. Хочу призвать предпринимателей принять участие в программе и расширить горизонты в бизнесе», – сказал управляющий директор РПП г. Алматы Нариман Ибрагимов.

Прием документов по г. Алматы осуществляется в алматинской палате предпринимателей по адресу: проспект Жибек жолы 135, блок 2, 8 этаж, тел.:8 727 33 101 33 ответственное лицо: Токпанов Галымжан +7 773810001, Нурмаханова Динара +77077647644.

Ш. ХАМИТОВ.

СОВЕТЫ СПЕЦИАЛИСТА

РОЗЫСК ДОЛЖНИКА

Задачами исполнительного производства являются обязательное и своевременное исполнение судебных решений, определений и постановлений по гражданским делам и административным делам, приговоров и постановлений по уголовным делам в части имущественных взысканий, а также исполнение в предусмотренных Законом РК «Об исполнительном производстве и статусе судебных исполнителей» от 30 июня 1998 года в случаях решений и постановлений иных органов.

После поступления исполнительного документа к судебному исполнителю в соответствии с законодательством об исполнительном производстве, судебный исполнитель в течение 3-дней возбуждает исполнительное производство и принимает меры по обеспечению исполнения исполнительных документов, одновременно судебным исполнителем в адрес должника направляется (вручается) уведомление об исполнении требования исполнительного документа с предупреждением об административной и уголовной ответственности за неисполнение вступившего в законную силу судебного акта.

Однако, при неизвестности места пребывания должника судебный исполнитель обязан обратиться по месту исполнения исполнительного документа с представлением об объявлении розыска должника через правоохранительные органы. При объявлении розыска должника и отсутствии за ним имущества на которое можно обратить взыскание исполнительное производство приостанавливается, если место нахождения должника выявляется или выявляется его имущество то исполнительное производство возобновляется.

После нахождения места должника принимаются все меры, а в случае не выполнения требования судебного акта привлекается к административной и уголовной ответственности.

А. НУРАХМЕТОВА,
частный судебный исполнитель
исполнительного округа области Жетісу

НОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

ДЛЯ ДОСТИЖЕНИЯ ДОСТУПНОСТИ, ОПЕРАТИВНОСТИ ПРАВОСУДИЯ

Развитие современных информационных технологий в процессе отправления правосудия стало приоритетным направлением в деятельности Верховного Суда. В отечественной судебной системе активно идут обширные процессы модернизации. В частности, казахстанская судебная система внедрила в свою работу более современные и открытые форматы взаимодействия с обществом. Эта работа направлена на достижение доступности, оперативности правосудия, максимальной прозрачности судопроизводства. В настоящее время во всех судах Республики Казахстан работает автоматизированная информационно-аналитическая система «Төрелік», которая интегрировала в себе весь электронный архив судебных документов, интернет-ресурсы судов и один из главных инструментов для диалога с судами – сервис «Судебный кабинет».

Развитие информационных систем на этом не останавливается, так, в информационно-аналитической системе судебных органов «Төрелік» реализован механизм, согласно которому по вступлению судебного акта в законную силу по делам об административном правонарушении судья в ИАС СО «Төрелік» повторно подписывает постановление, которое в автоматическом режиме направляется в страховую компанию в электронном виде с отметкой о вступлении в законную силу.

Следует отметить, что на сегодняшний день в Судебном кабинете успешно функционирует сервис по направлению в суды дел об административных правонарушениях органами, уполномоченными возбуждать административные дела, все протоколы об административных правонарушениях и дела поступают в электронном виде в специализированные административные суды и в суды, рассматривающие административные дела.

Автоматизирован документооборот между судами и органами исполнительного производства (государственные судебные исполнители, частные судебные исполнители). Введен в эксплуатацию функционал по приему из судов исполнительных документов в электронном формате и электронному санкционированию судами постановлений судебных исполнителей по всей Республике. Исполнительные документы судами также направляются в электронном формате.

Вводимые новшества, связанные с применением информационных технологий в судебной системе Республики Казахстан, оказывают положительное влияние не только на оперативность всех процессов, но и на качество отправления правосудия. Это способствует в свою очередь росту доверия граждан к судебной системе и усилению конкурентоспособности Республики Казахстан на международной арене.

Дастан ТҰТҚАБЕК,
главный специалист-секретарь
судебного заседания СМЭС
Алматинской области.

Бейсенбі - Четверг, 1 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Шаңырақ»
06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.10 «Ақпарат»
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Қилы күндер»
12.20, 13.10, 21.25 Т/х «Ауыл мұғалімі-2»
13.30, 03.00 «Өмір көркем»
14.50 «Киелі Қазақстан»
15.15 «Бірегей»
16.05 Т/х «Жат бауыр»
20.30, 00.40 «Ашық алаң»
22.15 Т/х «Бауырлар»
02.45 «Құтқарушылар» арнайы жоба

ХАБАР

05.00 Т/х «Өз үйім»
07.00 «Оян»
10.00 «Школа»
10.25 «Культурный контекст»
11.00, 11.35 Мультсериал
12.00, 20.00 Т/х«Шерлі жүрек»
14.00, 21.45 Сериал «Қарасу»
15.00 «Бәсеке»
16.00, 22.30 Сериал «За витриной»
18.00 Новости
18.20 Итоги
19.00 Жаңалықтар
19.20 Ток шоу «Талқы»

АСТАНА

06.00 «Қош келдіңіз!»
06.50 Т/х «Ене»
06.20 Т/х«Қара шаңырақ»
07.10 М/с «Маша и медведь»
09.00,21.00 «Осман-4»
10.00, 22.45 Т/х «Ана бақыты»
11.00 Т/х «Кеш келген махаббат»
12.20, 23.45 Т/х «Кэ Бэк»
13.50, 02.00 Т/х «Бақыттыңкілті»
15.10, 01.35 «Ақжауын»
15.40 Сериал «Осколки»
20.00 «Астана таймс»
21.55 Т/х «Лакшми»
01.00 Сериал «Склифософский»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Тамаша сити»
07.00, 03.15 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.10 «Жить здорово»
11.00 «Давай поженимся»
11.50 Детектив «Каменская»
14.00, 01.30 Новости
14.15, 01.45 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 02.45 Басты жаңалықтар
19.00, 02.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Розыск»
00.00 «Большой дом»

КТК

07.05, 19.30,04.00 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Жан жылуы»
08.00, 02.50Т/х «Бақытты аңсағандар»
09.30, 21.00 Вечерние новости
10.00, 01.20 «Было дело»
11.00, 23.40 «Спросите медсестру»
13.00, 21.40 «Я заберу твою семью»
15.00 Мелодрама «Жала мен жауыздық»
20.00, 02.05 «Астарлы ақиқат»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «Бүгін»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Мақсатына жеткендер»
13.30 «Шаңырақ»/тікелей эфир
14.20 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Олжа»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Сегодня» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Менің арманым»
19.30 «Ел қамы»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Түркістан жүрегімде» телехикаясы
22.35 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 Әзіл студио
07.20, 20.00 Информбюро
08.00, 23.10 Т/х«Чукур»
09.00 «Тайм вайн»
09.30 «Тік Ток» шоу
10.00 Сериал«Игра на выживание»
12.00, 12.20 Мультсериал
13.20 Кино «Миссия невыполнима-2»
16.10 Кино «Ямакаси»
18.10 Кино «13-й район»
21.00 Кино«Элизиум. Рай не на земле»
00.10 Кино «Земное ядро»
02.20 «31 әзіл»
03.00, 04.30 Ватсап
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Bala Battlle
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.20 «Қуырдақ»
07.00, 01.10 Т/х «Ұлы дала жанұясы»
07.30 «Айна онлайн»
08.30, 02.10 «Бастық боламын»
09.20, 17.40 Сериал «Эксперт»
11.20 Сериал «Медиатор»
13.30 «Тойхана»
14.00 «О, махаббат!»
15.00Т /х «Құзғын»
16.00, 23.10 «Жаңа қоныс»
17.10, 21.40 Т/х «Восс әйел»
19.40 Сериал «Мама Маша»
22.20 «Әзіл тайм»
00.20 «Жалдамалы әйелдер»
03.00 «Япырай»
03.50 «Жеңіп көр»

Жұма - Пятница, 2 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 04.20 Әнұран
06.05, 02.55 «Шаңырақ»
06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.35 АҚПАРАТ
07.00 «TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама.
10.10, 18.00 Телехикая «ҚИЛЫ КҮНДЕР»
12.20, 21.25 Телехикая «АУЫЛ МҰҒАЛІМІ-2»
13.10 «Ауыл мұғалімі-2». (жалғасы)
13.30 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
14.35, 04.05 «Отандық brand»
14.50 «Киелі Qazaqstan»
15.15 «БІРЕГЕЙ»
16.05 Телехикая «ЖАТ БАУЫР»
20.30 «ASHYQ ALAN». Қоғамдық- саяси ток-шоу. Тікелей эфир
22.15 Телехикая «БАУЫРЛАР»
23.10 «Жарқын жүздесу»
00.00 «Парасат майданы»
01.05 «Ashyq alan». Қоғамдық- саяси ток-шоу
02.00 «Өмір көркем»
03.20 «Бірегей»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 Телехикая «ӨЗ ҮЙІМ»
07.00 Тікелей эфирде «Оян!»
10.00 «Мәртебелі өнер»
11.30 Деректі фильм. «Қара нардай Қаратай»
12.00, 20.00 Телехикая «ШЕРЛІ ЖҮРЕК»
14.00, 21.45 Телехикая «ҚАРАСУ»
15.00 Телехикая «БӘСЕКЕ»
16.00 Сериялар «За витриной»
18.00 Новости
18.20 «Итоги» ток-шоу
19.00 Жаңалықтар
19.20 Ток-шоу «Талқы»
22.30 Мегахит. «Между нами горы»

АСТАНА

06.00 «Қош келдіңіз»
06.50 «ЕНЕ» үнді телехикаясы
07.20 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «ОСМАН-4» түрік телехикаясы
10.00, 22.45 «АНА БАҚЫТЫ» үнді телехикаясы
11.00 «КЕШ КЕЛГЕН МАХАББАТ» үнді телехикаясы
12.10 «Эксперимент»
12.20, 23.45 «КЭ БЭК» телехикаясы
13.50, 02.00 «АҚЖАУЫН» телехикаясы
15.40 «Бақыт құшағында»
16.25 Х/ф «Семейное счастье»
20.00 «Астана таймс»
21.55 «ЛАКШМИ» үнді телехикаясы
01.00 Сериал «Склифосовский»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «ТАМАША CITY» бағдарламасы
07.00 «П@утина» бағдарламасы
08.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
09.00 «Доброе утро,КАЗАХСТАН!»
10.15 «Жить здорово»
11.10 «Давай поженимся!»
12.00 Х/ф «Невеста с заправки»
14.00 «Новости»
14.15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 «KOREMIZ» бағдарламасы
20.00 «Главные новости»
20.30 «Парламент ONLINE»
20.50 «Поле чудес»
22.00 Сериал «Опекун»
01.30 «Новости»
01.45 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
02.00 «KOREMIZ» бағдарламасы
02.45 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
03.30 «П@YTINA» бағдарламасы

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 «ЖАН ЖЫЛУЫ», корей телехикаясы.
08.00 «Бақытты аңсағандар», Өзбек телехикаясы
09.20 «Вечерние новости»
10.00 «Было дело»
11.00 «Спросите медсестру» детектив
13.00 «Я заберу твою семью», мелодрама
15.00 «ЖАЛА МЕН ЖАУЫЗДЫҚ», өзбек телехикаясы.
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ».
20.35 «KTKweb».
21.00 «Вечерние новости»
21.40 «Кукольник», мелодрама
00.55 «Было дело»
01.35 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ» (қайталау)
02.00 «KTKweb» (қайталау)
02.20 «БАҚЫТТЫ АҢСАҒАНДАР», өзбек телехикаясы (қайталау)
04.00 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «Сегодня»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Менің арманым»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 «Ел қамы»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Ел іші - өнер кеніші»
17.00 «Шашу»
17.50 «Жетісу жауһарлары»
18.00 «Иман нұры»
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Экономtime»
19.30 «Ел мен жер»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студио
07.20 Информбюро (повтор)
08.00 «ЧУКУР» түрік телехикаясы (повтор)
09.00 Time Vine
09.30 TikTok show
10.00 КИНО. Аарон Экхарт «Земное ядро»
13.00 «Маша и медведь »
13.10 «Команда «Мстители»
13.40 КИНО. Мэтт Дэймон «Элизиум. Рай не на земле»
16.10 КИНО. Сирил Раффаэлли «13-й район»
18.00 КИНО. Сирил Раффаэлли «13-й район. Ультиматум»
20.00 Информбюро
21.00 КИНО. Аарон Экхарт «По долгу службы»
23.00 «ЧУКУР» түрік телехикаясы
00.00 КИНО. Меган Фокс «В западне»
01.30 «31 езіл»
02.30 Ризамын
03.00 What 's up?
03.30 Әзіл студио
03.50 1001 Әзіл
04.00 BALA BATLLE
04.30 What 's up?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.20 «Қуырдақ»
07.00, 01.10 Телехикая «ҰЛЫ ДАЛА ЖАНҰЯСЫ»
07.30, 23.40 «Айнаонлайн»
08.30, 02.10 Телехикая «БАСТЫҚ БОЛАМЫН»
09.20, 17.40 «ЭКСПЕРТ»
11.20 Х/ф «Больше чем кино»
13.30 Телехикая «ТОЙХАНА»
14.00 Телехикая «О, МАХАББАТ!»
15.00 Әзіл Time
16.00 Телехикая «ЖАҢА ҚОНЫС»
17.10 Телехикая «BOSS ӘЙЕЛ»
19.40 «МАША МАША» Телехикаясы
21.40 Х/ф «КУРЬЕР»
00.20 Телехикая «ЖАЛДАМАЛЫ ӘЙЕЛДЕР»
03.00 «Япырай»
03.50 «Жеңіп көр»

Сенбі - Суббота, 3 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 04.00 Әнұран
06.05 «Ауылдастар»
06.30, 17.00 АҚПАРАТ
07.00 «Күй-керуен»
07.30 «ШАҢЫРАҚ»
08.00 «Тоқты мен серке».
09.00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». Тікелей эфир
10.00, 18.00 Телехикая «ҚИЛЫ КҮНДЕР»
12.00 Шәмші Қалдаяқовтың шығармашылығына арналған концерт
14.30 Телехикая «ДОМАЛАҚ АНА»
16.30, 17.20 «Көңіл толқыны»
20.00 ТҰСАУКЕСЕРІ «ЕГІЗ ЛЕБІЗ». Музыкалық, ойын-сауықтық шоу
21.45 «Жарқын жүздесу»
22.15 Телехикая «БАУЫРЛАР»
23.10 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ»
01.00 Телехикая «АУЫЛ МҰҒАЛІМІ-2»
03.10 «Теледәрігер»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Кім мықты-2»
07.00 Телехикая «ҮКІМ»
10.00 Мегахит. «Между нами горы»
12.00 «Три богатыря и Конь на троне» мультфильм
13.25 «Турбозавры»
13.30 Деректі фильмдер топтамасы. «Тағзым»
14.00 «Қазына»
14.30 «Қызық times»
16.00 Телехикая «КЕЛІНЖАН-2»
19.00 «Cover show» Мейрамбек Бесбаевпен
21.00 Ақпарат арнасы «7 күн» сараптамалық
21.40 Х/ф «Как украсть бриллиант»
00.00 «Әсем әндер»

АСТАНА

06.00 «Қош келдіңіз»
06.50 «ЕНЕ» үнді телехикаясы
07.20 «СТО» телехикаясы
08.00 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «ОСМАН-4» түрік телехикаясы
10.00, 22.45 «АНА БАҚЫТЫ» үнді телехикаясы
11.00 Х/ф «Влюбленное сердце»
14.10 «Шаншар»
15.45 Х/ф «БОКСЕР»
18.00 Худ. фильм «МАҒАН НАЗАР АУДАР»
20.00 «SarapTimes» апталық-сараптамалық
21.55 «ЛАКШМИ» үнді телехикаясы
23.45 Худ. фильм «РОБОТ ӘЙЕЛ»
01.25 «Жұлдызбысың?»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «ТАМАША CITY» бағдарламасы
08.05 «П@утина» бағдарламасы
09.00 Х/ф «Старшая жена»
11.00 Сериал «Отчаянный домохозяин»
14.55 Х/ф «Марусья ФОРЕVA»
16.35 ПРЕМЬЕРА. «Лучше всех!»
18.30 «АЙНА»
19.00 ПРЕМЬЕРА! «X FACTOR»:
20.45 «Я не верю»
23.00 «X FACTOR»
23.30 «Я не верю»
01.15 «ЭКСКЛЮЗИВ»Дмитрий Борисовпен
02.00 «АЙНА»
02.30 «П@утина»
03.15 «ТАМАША CITY»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН», ойын-сауық бағдарламасы
07.20 «ҮЛКЕН ҮЙ», телехикая
08.50 «КТК-да ҚАБАТОВ»
10.00 «KTKweb» (қайталау)
10.20 Вечерние новости
11.00 «Следствием установлено»
11.30 «Кукольник», мелодрама
15.00 “ӨТКЕН КҮНДЕР».
17.00 «КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ!»,
18.00 «ШАНШАР»
21.00 «Таксистка», мелодрама
0.50 «ТРИ», детектив
02.30 “ӨТКЕН КҮНДЕР», өзбек телехикаясы (қайталау)
04.00 «КТК-да ҚАБАТОВ» (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «Иман нұры»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Экономtime»
13.30 «Шашу»
14.15 «Жетісу жауһарлары»
14.30 «Ел мен жер»
15.00 «Шаңырақ»
15.50 «Әсем әуен»
17.00 «Шашу»
17.50 «Жетісу жауһарлары»
18.00 «Жас тілші»
18.30 «Өмірлік бағдар»
19.00 «Ұлт ұяты»
19.45 «Әсем әуен»
20.00 «Олжа»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 КР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студио
07.00 BalaFunny
07.30 «Маша и медведь»
08.00 «Күліп ALL»
08.30 TikTok шоу
09.00 Time Vine
09.30 «Алдараспан»
12.00 КИНО. «13-й район ультиматум»
14.10 КИНО. Нұрлан Қоянбаев «Бизнес по-Казахски в Корее»
16.10 «Фердинанд» анимациялық фильмі.
18.30 КИНО. Джеймс Корден «Кролик питер»
20.30 КИНО. Мартин Фриман «Хоббит.Битва пяти воинств»
23.30 КИНО. Аарон Экхарт «По долгу службы»
01.30 «Біздің шоу»
02.30 «31 езіл»
03.00 What's up?
03.40 Әзіл студио
04.00 1001 Әзіл
04.10 BALA BATTLE
04.30 What's up?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00, 01.40 «Келесі кім?»
07.30 Телехикая «ТОЙХАНА»
10.00 «Измайловский парк»
12.00 «Абонемент на расследование. Серьга Артемиды»
16.00 «Жұлдызды шаңырақта»
16.40, 01.10 «Айнаонлайн»
17.10 «МАША МАША» телехикаясы.
21.10 «Завтра будет новый день»
02.40 «Жеңіп көр»
04.10 «Япырай»

Жексенбі - Воскресенье, 4 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 04.05 Әнұран
06.05 «Ауылдастар»
06.30 «Шаңырақ»
07.00 «Күміс көмей»
07.45 «Дәуір даналары». Деректі фильм
08.35 «AQSAYYT»
09.00 «Пингвин оқиғалары». Мультхикая
10.00, 18.00 Телехикая «ҚИЛЫ КҮНДЕР»
12.10 «Егіз лебіз». Музыкалық, ойын-сауықтық шоу
14.00 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ»
16.10 «ІНЖУ-МАРЖАН»
17.20 «ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ»
20.00 «АПТА». Сараптамалық бағдарлама. Тікелей эфир
20.50 «АҚОРДА»
21.00 «Жігіттер» тобының концерті
22.15 Телехикая «БАУЫРЛАР»
23.10 «АЙКА». Көркем фильм
01.05 Телехикая «АУЫЛ МҰҒАЛІМІ-2»
02.35 «Апта». Сараптамалық бағдарлама
03.25 «Ақорда»
03.35 «Әйел әлемі»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Кім мықты 2»
07.00 Телехикая «ҮКІМ»
10.00 бап. фильм «Как украсть бриллиант»
12.00 «Пчелка Майя и Кубок меда» мультфильм
13.25 «Турбозавры»
14.00 «Cover show» Мейрамбек Бесбаевпен
16.00 Телехикая «КЕЛІНЖАН-2»
18.15 «Алғашқы»
19.30 «Қызық times»
21.00 «7 күн» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы.
21.40 «Отдел журналистских расследований»
22.10 Мегахит. «Проходимцы»
00.10 «Әсем әндер»

АСТАНА

06.00 «Қош келдіңіз»
06.50 «ЕНЕ» үнді телехикаясы
07.20 «СТО» телехикаясы
08.00 М/ф «Маша и медведь »
09.00, 21.00 «ОСМАН-4» түрік телехикаясы
10.00, 22.45 «АНА БАҚЫТЫ» үнді телехикаясы
11.00 Худ. фильм «МАҒАН НАЗАР АУДАР»
13.10 «КАРЛЫҒАШ КҮЗЕТ АГЕНТТІГІ» телехикаясы
14.20 «Алдараспан»
17.20 Худ. фильм «РОБОТ ӘЙЕЛ»
19.00 Х/ф «I GO TO SCHOOL»
21.55 «ЛАКШМИ» үнді телехикаясы
23.45 «Жұлдызды жекпе-жек»
01.45 Х/ф «Влюбленное сердце»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «ТАМАША CITY»
07.30 «Воскресные беседы»
07.40 «П@утина»
08.40 «БЕЙКҮНӘ» телехикаясы
10.25 «QAЙMAҚ»
11.00 Сериал «Соленая карамель»
14.50 «X FACTOR»
17.00 «ӘГУГАЙ»
18.00 Х/ф «Со дна вершины»
20.00 «АНАЛТИКА»
20.45 «Рысь» телехикаясы.
00.20 «КВН»
02.05 «ӘГУГАЙ»
03.05 «П@утина»
03.45 «ТАМАША CITY» бағдарламасы

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «МАХАББАТ ӘЛЕМІ»
09.30 «ЮМОРИНА», шоу-бағдарламма
11.00 «Таксистка», мелодрама
15.00 «Өткен күндер».Өзбек телехикаясы.
17.00 «АУЫРМАЙДЫ ЖҮРЕК», Бауыржан Есебаевтың шығармашылық кеші
20.00 «КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ!», музыкалық халықтық-шоу.
21.00 «ӘНІМ СЕН ЕДІҢ»
22.00 Портрет недели» с Артуром Платоновым
23.00 «Под прицелом любви», мелодрама
0.20 «ЮМОРИН», шоу-бағдарлама (қайталау)
01.40 «ӨТКЕН КҮНДЕР», өзбек телехикаясы
02.30 «АУЫРМАЙДЫ ЖҮРЕК», ән шашу (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
09.00 Апта /қаз/
10.00 Апта /рус/
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «Жас тілші»
12.30 «Өмірлік бағдар»
13.00 «Ұлт ұяты»
13.40 «Шашу»
14.30 «Әсем әуен»
15.00 «Шаңырақ»
15.50 «Әсем әуен»
16.20 «Мақсатына жеткендер»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Единый народ»
18.30 «Әсем әуен»
19.00 «Өзекжарды»
19.30 «Арнайы репортаж»
20.00 «Сапарлайық»
20.30 «Ән тыңдайық»
21.00 К/ф «Өшпес ерлік»
21.30 «Ел іші - өнер кеніші»
22.00 «Шіркін-ай»
22.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
07.00 BalaFunny
07.30 «Маша и медведь»
08.30 «Күліп ALL»
09.00 TikTok шоу
09.30 Time Vine
10.00 «ТелеБинго» тікелей эфир
10.25 КИНО. Нұрлан Қоянбаев «Бизнес по-Казахски в Корее»
12.35 «Фердинанд»
14.55 КИНО. Джеймс Корден «Кролик питер»
17.05 КИНО. Мартин Фриман «Хоббит. Битва пяти воинств»
20.15 КИНО. Вин Дизель «Три икса»
22.35 КИНО. «Три икса-2»
00.40 КИНО. Меган Фокс «В западне»
02.00 «Qazaq Stand Up
02.30 Time Vine
03.00 TikTok шоу
03.30 «31 езіл»
04.00 1001 Әзіл
04.10 Ризамын
04.30 BalaFunny
05.00 What's up?
05.20 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00 «Келесі кім?»
07.30, 01.00 Концерт «Табиғатым махаббатым»
09.30 «Юморина
12.00 «Завтра будет новый день»
16.00 «Қызықты weekend»
17.00, 02.50 Концерт «Шаншар 60+60»
19.00 Сериал«Пояс ориона»
23.00 Х/ф «КУРЬЕР»
04.20 «Япырай»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕДИАЦИЯ

Дауды шешудің даңғыл жолы

Бітімгершілік – дауды шешудің озық әдісі болып табылады. Ұсақ-түйек келіспеушіліктердің бітімгершілікпен шешілуі қиын істердің сапалы қаралуына ықпал етіп, азаматтардың уақытын үнемдеп, сот барысында орын алатын моральдық, материалдық қиындықтардан құтқарады.

Біздің қоғамда адамдардың бір-біріне мейіріммен қарауы сонау қазақ халқының әдет-ғұрпынан бастау алады. Ежелден аталы сөзге тоқтап, сөз қадірін білген, аңғалдығы мен адалдығын жоғалтпаған дана халық едік. Қазақ қоғамының көзқарасына сай сот билігінің түпкі мақсаты – дауласушы жақтарды табыстыру, татуластыру болған. «Дау мұраты – біту» деген сөз содан қалса керек. Осы қасиеттеріміз бола тұра ұлттық санамыздың улануы ма, әлде жаһандану толқынының әсері ме, жылдан-жылға даукес болып барамыз. Дәстүрлі құндылықтар құнсызданып, материалдық игіліктер көбірек дәріптелетін бүгінгі қоғамда адамдарда бір-біріне деген мейірім мен сыйластық азайып, қатыгезденіп барады. Бізде ажырасу мен ажырату оңай шешілетін шаруаға айналған. Сондықтан бұл әлеуметтік құбылыспен қоғам болып бірігіп күресуіміз керек. Ал тағдыры қыл үстінде тұрған отбасыларға ақсақалдардың кеңесі, медиаторлар мен кәсіби психологтардың, тиісті ұйымдардың жүйелі көмектері ауадай қажет.

Қазіргі заманда соттасу көп уақытты, қомақты қаражатты, адамдардың жүйкесінің төзімділігін қажет ететіндігі белгілі. Осындай келеңсіз жағдайларға түспеу жолы – дауды медиация жолымен сотқа жеткізбей шешу, медиация заңының қолданылу аясын арттыру. Дегенмен, медиацияның не екенін әлі күнге дейін түсіне бермейтіндер де аз емес. Сондықтан, кейінгі кезде айтылуы да, жазылуы да аз болмай жүрген медиация тәсілі туралы оқырмандарға тағы да құлаққағыс етсек артық болмас.

Медиацияның мақсаты – дауды шешудің медиацияның екі тарапын да қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу және тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету. Осы орайда сот әділдігін іске асырған қазақ билерінің ел ішіндегі дау-дамайды ушықтырмай, іштей келісімге келтіртіп, шешіп отырғанын атап өту керек. Бір сөзбен айтқанда, басты мақсаты мәмілеге шақыру болып табылатын медиация қазаққа жат ұғым емес. 4 тарау, 28 баптан тұратын «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2011 жылдың 28 қаңтарында қабылданды. Еліміздегі медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеп, оны жүргізу қағидаттары мен рәсімін, сондай-ақ, медиатордың мәртебесін айқындайтын заң қолданысқа енгізілген.

Меруерт ҚҰРМАШ,
Жетісу облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының жетекші маманы.

МЕКТЕБІНДЕ НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

БИЫЛҒЫ ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАР АЙЫНЫҢ БАСЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЕСІНДЕ ҰЗАҚ САҚТАЛАРЫ СӨЗСІЗ. СЕБЕБІ МЕКТЕБІМІЗДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП БАЛАЛАРЫНЫҢ МӘНЕРЛЕП ӨЛЕҢ ОҚУ, ӘН АЙТУ, БИ БИЛЕУ, БАСҚА ДА ӨНЕРЛЕРІН ДАМЫТУ МАҚСАТЫНДА «БІЗ ӨНЕРЛІ БАЛАМЫЗ!» АТТЫ КӨҢІЛДІ КЕШ ӨТТІ.

Көңілді кеш өтті

Кештің мазмұнды өтуі үшін бастауыш сынып мұғалімдері барынша дайындалды. Кеш шымылдығы 4 «Б» сынып оқушыларының орындауында «Қазақстаным» әнімен ашылды. 2 «А» сынып оқушылары «Қызыл раушан гүлі» әніне өте көңілді пародия жасап, орындап шықты. Ұлттық құндылығымызды танытатын домбырада 4 «Б» сыныптың өнерлі қызы Айгерім Қаиырбекова әйгілі «Балбырауын» күйін тартып, көрермендерінің ыстық ықыласына бөленді. Сонымен бірге, шығармашылықпен айналысатын, өздері өлең шығаратын оқушылар да көзге түсті. Атап айтсақ, 2 «А» сыныбының оқушысы Аружан Абдраманхан «Кеткен дұрыс дүниеде із қалдырып», 4 «Б» сыныбының оқушысы Арайлым Дәуірбекқызы «Ұлы ұстаз» атты өздерінің жүректерінен шыққан өлеңдерін нақышына келтіре оқып берді. Ой орамдарын өлең етіп өрген өрендерге де тыңдармандары құлшына қол соқты.

Көңілді сергіткен кеш аясында «Атадан мұра» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өткен «Ұлы дала ұрпағы» Республикалық конкурсының ән номинациясы бойынша 2 «А» сынып оқушысы Елнар Меллат бас жүлде, 4 «А»сынып оқушысы Алуа Жандосқызы I орын иегері атанды. Ал «хореография» номинациясы бойынша бірінші орын жүлдегерлері 3 «А», 4 «А, Б» сынып қыздары гимнастикадан өз шеберліктерін көрсетті. Кеш соңы балалардан құрылған хордың орындауындағы «Әрқашан күн сәнбесін!» атты әнімен қорытындыланды.

Т. БҮРКІТБАЕВА,
М.Жұмабаев атындағы орта мектептің бастауыш бірлестік жетекшісі.
САРҚАН АУДАНЫ

ЖЕМҚОРЛЫҚ

Көпшілік көмегі де қажет

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ БҮКІЛ ӘЛЕМДІ АЛАҢДАТЫП ОТЫР. БІЗДІҢ ЕЛІМІЗДЕ ДЕ БҰЛ ӘЛЕУМЕТТІК КЕСЕЛГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС ШАРАЛАРЫ ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАН СӘТТЕН БАСТАП МЕМЛЕКЕТТІҢ ЕҢ БІРІНШІ КЕЗЕКТЕГІ МІНДЕТІНЕ АЙНАЛҒАНЫН АТАП ӨТКЕН ЖӨН.

Өкінішке орай, кейбір азаматтар заң білмеудің салдарынан сыбайлас жемқорлық қылмысының құрығына ілініп жататыны да құпия емес. Сондықтан шағын мақаламызда азаматтарды тағы бір құлағдар ете кетсек артық болмас.

Қазіргі қоғам күрделі заңдардан тұрады. Өмірдің өзі сол қай нәрседен болмасын заңға жүгініп, жұмыс істеген тиімді. Кейде адамдардың рухани сауатсыздығынан заңсыз істерге жол беріліп жатады. Бүгінгі таңда, әсіресе, қоғам індетіне айналған сыбайлас жемқорлық көпшілікті зар илетіп жатады. Осы орайда жыл сайын Президентіміз сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін арнайы мекемелер мен мамандарға қатаң тапсырмалар береді. Заңсыз іс-әрекеттерге барғандарды қатаң жазалауды ұсынуда, Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған сыбайлас жемқорлық туралы арнайы Заңның талабы бар. Қазақстан Республикасының заңдары барлық жеке және заңды тұлғаларға қатысты. Егер заң шеңберінен шығып, шектен тыс құқық бұзушылықтар орын алатын болса, ол үшін қылмыстық жауаптылық пен жаза әкімшілік жауапкершілік пен шара тиісінше ҚР қылмыстық кодексінде көрсетілгендей қолданылатын болады. Барлық органдар мен лауазымды адамдар өз құзіреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті.

Жемқорлыққа қарсы күрес – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Бүгінгі таңда қоғамның шынайы сеніміне ие болудан артық мәртебе жоқ. Сыбайлас жемқорлық жалпы қылмыспен қатар, Қазақстандағы қоғам және мемлекеттік билік көңіл қоюды талап ететін мәселе болып отыр. Бұл істе көпшіліктің көмегі де қажет етіледі. Сонда күрес нәтижелі болары даусыз. Сыбайлас жемқорлықпен күрес мерзімдік науқан емес. Яғни, уақытша атқарылар шара емес, сол үшін заң шеңберінен аспай, қоғам дертіне айналған құбылыстың орын алуына жол бермей және алдын алу шараларын қарасытырып, әркім мемлекеттік қызметкер деген атқа лайық болуы керек.

Бекайдар ЕСЕНКЕЛДІ,
Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты әкімшісінің жетекші маманы.

МАМАН МІНБЕРІ

Құқықтық сауаттылықты арттыру керек

Еліміздегі қолданыстағы заңды мүлтіксіз орындау – әрбір азаматтың асыл парызы болып табылады. Ал, қандай да бір құқық бұзушылыққа жол беру заң алдында жауаптылыққа әкеп соғатыны да белгілі.

Өкінішке орай, «Заңды білмеу жауаптылықтан босатпайды» деген қағиданы жұрттың бәрі біле бермейтінін күнделікті жұмысымызда да кездестіріп жатамыз. Сондықтан, өкінішке орай ақырын жүріп, аңдып бассаң да, заң талабын білмегендіктен күтпеген жерден опық жеп қалатындай жағдайға душар болуыңыз ғажап емес. Бүгінгі құқықтық мемлекет құрамыз деген заманда әрбір адам өз құқықтарын жете біліп, жалпы заң білімі саласынан мағлұмат алғаны дұрыс. Заңды аттамай, тура жолмен жүріп, еліне адал қызмет еткен азамат қана мұратына жетеді. Сондықтан заңды білу – заман талабы. Кейбіреу заң талаптарын қасақана бұзатын болса, енді біреулері білместіктің салдарынан бұзуға мәжбүр болады. Кейде сондай білместікпен қылмыс жасауға дейін барады...

Жалпы қылмыс дегеніміз – адам әрекетінің бір түрі. Қылмыс – Қазақстан Республикасының Қылмыстық Заңына сәйкес, жазалау қатерімен тыйым салынған. Қоғамға қауіпті іс-әрекет немесе әрекетсіздік туындатады. Қылмыстық жаза – сот үкіметімен қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылған тұлғаға қатысты Қылмыстық кодексте белгіленген аталған тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын айыруға немесе шектеуге бағытталған мемлекеттің мәжбүрлеу шарасы. Мәселен, екі немесе одан да көп адамның қылмыс жасауға қасақана бірлесіп қатысуы қылмысқа қатысу деп танылады. Бірігу қылмысқа қатысудың объективтік белгісі ретінде бірнеше адамдардың өз күштерімен бірлесіп әрекет жасауын білдіреді. Олардың барлығы өз күштерін біртұтас қылмыстық нәтижеге қол жеткізуге бағыттайды.

Қылмысқа қатысушылардың рөліне байланысты оларды орындаушы, ұйымдастырушы, айдап салушы және көмектесуші деп бөледі. Орындаушы – бұл нақты қылмыс құрамының объективті жағынан кіретін әрекеттерді толықтай немесе ішінара орындайтын адам. Ұйымдастырушы — қылмыс жасауды ұйымдастырған немесе оның орындалуына басшылық еткен адам. Ұйымдастырушы ретінде көбіне нақты қылмыстарды тікелей жасаудан қашатын ең тәжірибелі, қауіпті қылмыскерлер болады. Көпшілік жағдайда ұйымдастырушы – бас бастамашы, негізгі басқарушы және қылмыс жоспарының авторы болады. Басқа адамды азғыру, сатып алу, қорқыту жолымен немесе өзге де жолмен қылмыс жасауға көндірген адам айдап салушы деп танылады. Сөйтіп, кез келген құқық бұзушылық үшін заң жүзінде жауаптылық қарастырылған. Сондықтан әркім құқықтық сауаттылығын арттырып отырғандары жөн.

Меруерт ЕСЕЛБАЕВА,
Текелі қалалық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӨМІР-ӨЛЕҢ

БҰДАН АРТЫҚ БАҚ БАР МА?!

***РЕДАКЦИЯДАН:** Өмір жолының он жылын Тынышпаев атындағы музейде ғылыми қызметкер, отыз жылын білім саласына арнап, «Алатау» қоғамдық-саяси газетінің алғашқы шығарылымында тілшілік қызмет те атқарған Ақсу ауданына қарасты Қаракөз ауылының тумасы, Еңбек ардагері, ҚР Журналистер одағының мүшесі Серікбай ТҰРЛАН жетпіс бес жасқа толып отыр. Бала шағынан қасиетті қара өлеңмен ауызданған қаламгер ағамызды мерейлі жасымен құттықтап, жүрегін жарып шыққан өрелі өлеңдерін оқырман назарына ұсынып отырмыз.*



ЖАҚСЫ ІСТЕР ЖАРШЫСЫ БОП...

Жырым нұрым, күй көңілге айналар,
Жүрегіне пәк жандардың жалғанар.
Нәзік үлпек гүл көркіндей ой салар,
Зейін қояр оқыған жан баршалар.
Арман мақсат сезім күйін өпші жыр.

Тыншымашы ел аспанын шарлашы,
Қыран құстай көкке шырқау самғашы,
Тас тұяқты тұлпардайын талмашы.
Жусанды қыр, гүл төріндей жаймашы,
Назарына енші жарқын көптің жыр.

Жақсы істер жаршысы боп өрлеші,
Нәзік балғын тал бесігін тербеші.
Ынтық құштар құмарлықты
селдетші,
Жаңбыр болып су айдынын селдетші.
Жазым болып мәз мерейін төкші
жыр.

Достық пейіл жандардың боп серігі,
Қилы, сырлы жүрек толқу сезімі,
Шым-шытырман сансыз жолда өмірі,
Қызған еңбек, түрлі аймақ өңірі,
Ән мен жырдың күй әуенін
төкші жыр.

Шырқау үнім - Тәуелсіз ел қанатым,
Туған жерім құт, береке жарасым.
Іле, Жайық, Есілдейін ағатын,
Ұлан-ғайыр қазақтың кең даласын,
Шарлап сүзіп, ел бақытын өпші жыр.

АҚЫН БОЛСАҢ...

Туған өңір – қаңтар, ақпан ақ боран,
Сенен артық шаттық мерей
жоқ маған.
Шашу көрік үлпілдеген қылауың,
Ауа кезіп, бойыма сыр сақтаған.

Қалай ғана отырамын дамылдап,
Күй шабытым аласұрған жалындап,
Мөлдір моншақ тізілген ой - жүрегім,
Дала құшып, арман қуған сағымдап.

Нәзік жұлдыз сусылдаған теректен,
Бозғылт тұман шудаланып өзектен.
Тұңғиыққа тартып мені барады,
Ақын болсаң шық шалықтап
демекпең.

Асау жаным боз бүйректей емеспін,
Бойымда нұр, ұшқыр жігер, өр екпін.
Ақшақарлы, сұлу дидар туған жер,
Бір өзіңсіз құйын қуған елеспін.

Құмартамын нұрын төккен аспанға,
Күміс шыңды, жасыл белді асқарға.
Отан - анам мен ұлыңмын жыр жүрек,
Бұдан артық маған шексіз бақ
бар ма?

ОТАН – АНА – ТУҒАН ЖЕР

Нұрмысың алтын айдай толықсыған,
Кім екен сені маған жолықтырған.
Нұр алау лебіңмен жылынамын,
Сүйсініп жанарыңа күліп тұрған.

Бойымды баурап алар бір жыр көңіл,
Гүл ләззат сәулесісің сырлы өмір.
Тартасың өн бойыңа ерік билеп,
Не деген жұмбақ сиқыр едің сен бір.

Ішінде миллион жұлдыз дараланған,
Сұлулар ару жандар, ғажап арман.
Жанынан тұңғиық ой жарқыраған,
Арулар - нәзік сезім құшақ жайған.

Аспанды, жерді көкті табындырған,
Даладай шалқар көңіл, сағым қуған.
Құлпырған сұлу дидар, гүл шырайлы,
Шуағым, бақ мерейім назым тұнған.

Ардақты дара жандар ой қанаты,
Олардай асыл мерей жоқ шамасы.
Бар дүние, аспан ғалам айналады,
Анамен өсіп-өніп ел баласы.

Ана деп шексіз мерей қуанамыз,
Отан деп қолға алау ту аламыз.
Елім деп ерлік даңқын асқақтатып,
Ұрпақ деп жалғасымыз жыр жазамыз.

ЖИЫН

«ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖЫРЛАМАҒАН АҚЫН ЖОҚ»

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДА ЖАНДАРБЕК БҰЛҒАҚОВ, СЫРЫМ ӘУЕЗХАН СИЯҚТЫ АЙТЫСКЕР АҚЫНДАР МЕН МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНЫҢ МАЙТАЛМАНДАРЫ БАС ҚОСҚАН ЖИЫН ӨТТІ.

«Адалдық, парасаттылық, сенім» атты «TED Talks» форматындағы жиында ақындар қоғамда өршіп тұрған жемқорлық туралы айтты. Алдымен сөз алған Жандарбек Бұлғақов:

– *Теріс жолдың жетегінде кету елімізде өзекті тақырыпқа айналған мәселе. Айтыс сахнасында сыбайлас жемқорлықты жырламаған ақын жоқ шығар. Сонау 1986 жылдардан бері «жемқорлық – қоғамның жегі құрты» деп жырланды. Әлі күнге сол сол жартас өзгерген жоқ, ендігі шешімі жоқ сауалға айналды. Жемқорлық жасап, алаяқтықпен күн көріп, өсекаян таратушы адамдардың ісі қазақы тәлім-тәрбиенің жойылуының салдары деп білемін,* – десе, бұл жайында Сырым Әуезхан: *«Адамның басқа жаратылыстардан басты ерекшелігі оның таңдау жасай білу қабілетінде. Яғни, адамда таңдау әрқашан бар. Оның таңдауы – келешегіне және қоғамға тікелей ықпал етеді. Мұндай таңдауда қателеспеген адам ізгі жолда болады. Елімізде қаншама азаматтар осындай жиындарда пара алу қылмыс, бұл дұрыс іс емес дегенімен, шыға бере жемқордың нақ өзіне айналады. Қазақта «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» деген жақсы сөз бар. Ар деген жанымыздан биік құндылық. Сондықтан арымызды таза ұстап, сыбайлас жемқорлықтың тамыр жаюына кедергі жасайық. Таңдауымызды ар тазалығына қарай таңдайық ағайын»* – деген тұшымды ойымен бөлісті.

Жиынға келген әр адам жемқорлық туралы ақындар айтқан мағыналы сөзге терең мән берді деп ойлаймын. Олай болса, алдағы уақытта қоғамның жегі құртына айналған дертке қарсы тұруға біркісідей белсене атсалысуға аянбайтыны сөзсіз...

Гүлнұр БАЙМҰХАН,
І. Жансүгіров атындағы
Жетісу университетінің
3 курс студенті.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТРИБУНА СПЕЦИАЛИСТА

ЧЕМ ЗАНИМАЮТСЯ ЧАСТНЫЕ СУДЕБНЫЕ ИСПОЛНИТЕЛИ

Частные судебные исполнители при исполнении своих прямых обязанностей, зачастую вынуждены оказаться участниками судебных споров, поскольку истцы не зная и не понимая и не вникая чем занимаются частные судебные исполнители, считая что ЧСИ действует противозаконно. Этим действием они несут дополнительные расходы. К тому же они игнорируя законные требования ЧСИ обостряют ситуацию. Всегда надо помнить, что без выходных ситуации не бывает. Если человек готов разговаривать, сотрудничать, то можно найти оптимальный выход из практически любой ситуации. Пользуясь случаем хотела бы для читателей газеты дать краткое разъяснение о деятельности частных судебных исполнителей и о их правах и обязанностях при исполнении своей работы, руководствуются какими законодательствами, какими нормативными актами регулируется деятельность ЧСИ.

Исполнительное производство – меры, направленные на принудительное исполнение исполнительных документов с взысканием с должника исполнительской санкции, пени, расходов по исполнительному производству, оплаты деятельности частного судебного исполнителя. Задачами исполнительного производства являются обязательное и своевременное принятие мер, направленных на принудительное исполнение исполнительных документов, выдаваемых на основании судебных решений, определений по гражданским и административным делам, предписаний и постановлений по делам об административных правонарушениях, приговоров и постановлений по уголовным делам в части имущественных взысканий, а также постановлений иных органов в соответствии с настоящим Законом.

В настоящее время взысканием долгов по решению суда в основном занимаются частные судебные исполнители, в обязанности которых входят: наложение ареста на имущество должника, то есть запрет на распоряжение этим имуществом, включая деньги и ценные бумаги; наложение ареста на деньги и имущество должника, находящиеся в банках, организациях, осуществляющих отдельные виды банковских операций, а также в страховых организациях; изъятие движимого имущества должника; изъятие недвижимого имущества должника; запрет должнику на совершение определенных действий, в том числе запрет органам юридического лица на принятие решений, а равно приостановление действия принятых решений по отчуждению имущества, имущественных и неимущественных прав, ценных бумаг и долей в уставном капитале и имуществе юридического лица; запрет должнику на использование принадлежащего ему на праве собственности имущества, в том числе деньги, либо указание на его использование в установленных судебным исполнителем пределах; опечатывание имущества должника; изъятие правоустанавливающих документов; запрет другим лицам на передачу имущества, в том числе денег, должнику или выполнение по отношению к нему иных действий.

Кроме того, ЧСИ может подать в суд прошение о выдаче запрета для должника на выезд за пределы Казахстана. Такой запрет вступает в силу после истечения пяти рабочих дней со дня надлежащего извещения должника о применении подобной меры и направляется в Пограничную службу КНБ РК.

Также ЧСИ подает на злостных неплательщиков алиментов (это одна из самых сложных категорий дел), на просроченные больше чем на 90 дней потребительские кредиты, на большие долги по коммуналке.

Жадра ИСАБЕКОВА,
частный судебный исполнитель исполнительного округа области Жетісу.

ЗАКОН

ПОРЯДОК СУДОПРОИЗВОДСТВА ПО ГРАЖДАНСКИМ ДЕЛАМ

Судебное разбирательство - основная стадия гражданского процесса, где с наибольшей полнотой проявляются все принципы гражданского судопроизводства.

Правосудие по гражданским делам осуществляется путем их рассмотрения и разрешения в судебном заседании. В этой стадии процесса суд исследует и оценивает доказательства, устанавливает фактические обстоятельства по делу, определяет права и обязанности сторон, выносит судебное решение в соответствии с обстоятельствами дела и законом. Порядок судопроизводства по гражданским делам на территории Республики Казахстан определяется конституционными законами Республики Казахстан, Гражданским процессуальным кодексом Республики Казахстан, основанным на Конституции Республики Казахстан и общепризнанных принципах и нормах международного права. Положения иных законов, регулирующих порядок гражданского судопроизводства, подлежат включению в настоящий Кодекс.

Международные договорные и иные обязательства Республики Казахстан, а также нормативные постановления Конституционного Совета и Верховного Суда Республики Казахстан являются составной частью гражданского процессуального права. Законодательство Республики Казахстан о гражданском судопроизводстве устанавливает порядок рассмотрения дел по спорам, возникающим из гражданских, семейных, трудовых, жилищных, финансовых, хозяйственных, земельных и других правоотношений, а также дел особого производства.

Конституция Республики Казахстан имеет высшую юридическую силу и прямое действие на всей территории Республики. В случае противоречия между нормами настоящего Кодекса и Конституции Республики Казахстан действуют положения Конституции. В случае противоречия между нормами настоящего Кодекса и Конституционным законом Республики Казахстан действуют положения Конституционного закона. В случае противоречия между нормами настоящего Кодекса и иными законами действуют положения настоящего Кодекса.

Международные договоры, ратифицированные Республикой Казахстан, имеют приоритет перед настоящим Кодексом и применяются непосредственно, кроме случаев, когда из международного договора следует, что для его применения требуется издание закона.

Гражданское судопроизводство осуществляется в соответствии с гражданским процессуальным законом, введенным в действие к моменту выполнения процессуального действия или принятия процессуального решения.

Айнур СЕИЛЬХАНОВА,
главный специалист Талдыкорганского городского суда.

КОРРУПЦИЯ

ЦЕЛЕНАПРАВЛЕННАЯ РАБОТА ПО ПРЕДОТВРАЩЕНИЮ КОРРУПЦИИ

Коррупция оказывает большое влияние на все сферы общества: экономику, политику, социальную сферу, а негативные последствия, порождаемые этим явлением, не только препятствуют прогрессивному развитию общества, но и представляют реальную угрозу интересам национальной безопасности нашего государства. Наше государство, как и многие другие страны мира, ведет целенаправленную работу по предупреждению и предотвращению коррупции. Казахстан – одно из первых государств СНГ, принявших антикоррупционное законодательство и присоединившихся к международным конвенциям по данному вопросу. Республика Казахстан основываясь на нормах международного права, выразила намерение вырабатывать и применять эффективные правовые меры, направленные на предупреждение коррупции и борьбу с ней. Нормы предопределены проблемами и угрозами, порождаемыми коррупцией, негативным влиянием коррупции на функционирование всех общественных и правовых институтов и отношений. Они направлены на обеспечение устойчивого развития государства, его политической, экономической и социальной систем, интересов национальной безопасности.

О необходимости борьбы с коррупцией говорят и политики, и высшие государственные чиновники, также борьба с коррупцией определена в качестве одного из основных приоритетов и для государственных органов. Вместе с тем, помимо стратегических направлений, государственными органами на постоянной основе проводятся комплекс мер по предупреждению и недопущению проявлений коррупции, так как коррупция, как социальное явление оказывает негативное влияние на имидж органов государственной службы, подрывает доверие граждан.

Проблема коррупции превратилась в проблему международного масштаба, поскольку она присуща всем странам, независимо от их политического устройства и уровня экономического развития, имеет место и в демократических государствах с рыночной экономикой. Правовую основу противодействия коррупции в Республике Казахстан составляют Конституция РК, Уголовный Кодекс Республики Казахстан, Уголовно-процессуальный Кодекс Республики Казахстан, Закон РК «О противодействии коррупции» и другие нормативные правовые акты, предусматривающие основные направления и конкретные меры противодействия и борьбы с коррупцией.

Шырын ОМАРОВА,
судья Талдыкорганского городского суда.

СИТУАЦИЯ

КАК НУЖНО СЕБЯ ВЕСТИ ПРИ ЗЕМЛЕТРЯСЕНИИ

Каждый человек, который находится в зоне сейсмической опасности должен знать алгоритм действий при землетрясении. И ни в коем случае не бежать на лестницу — это нарушение элементарных норм безопасности, рассказал директор Центра аналитических исследований «Евразийский мониторинг» Алибек Тажибаев в эфире программы «Фокус внимания» на телеканале Jibek Joly, передает корреспондент агентства Kazinform.

В эфире программы «Фокус внимания» эксперты обсудили важность информированности населения о правилах безопасности при землетрясении. Алибек Тажибаев отметил, что в теме готовности к подобным чрезвычайным ситуациям главным вопросом становится знание правил.

— Ключевой вопрос в информированности, в культуре реагирования на эти вызовы населения. Каждый человек, который находится в зоне сейсмической опасности должен понимать определённый алгоритм действий, который он должен предпринимать. И ни в коем случае не бежать на лестницу. Это нарушение элементарных норм безопасности. Нужно встать в несущий каркас здания, они должны устоять, - сказал директор Центра аналитических исследований.

По всей республике проводят занятия по реагированию во время чрезвычайных ситуаций в объектах дошкольного и среднего образования, вузах.

Также Заместитель Начальника Департамента предупреждения ЧС МЧС Алтай Мырзабаев о еще одной опасности.

— Сегодня ночью люди вышли из зоны опасности, но всё равно находились возле стен жилого дома. Если он обрушится, то завалит и людей, - сообщил заместитель Начальника Департамента предупреждения ЧС МЧС.

Он напомнил о QR-кодах с картами эвакуации, которые расположены в 10 тысячах домах Алматы. QR-коды установлены в подъездах и содержат информацию о местах эвакуации, обычно это объекты образования и спорткомплексы.

— Жители сейсмоопасных регионов не должны в случае толчков паниковать, нужно заранее подготовить тревожные чемоданчики, обучить детей системе эвакуации, не пользоваться лифтами, а оставаться дома под столом или в ванной, - подытожил Алтай Мырзабаев.

Важно собрать заранее «тревожный чемоданчик», в котором должны быть: сапёрная лопатка, верёвка, котелок для приготовления еды, бумага, тёплая одежда, радио приёмник, спички, лекарство и документы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ОЛИМПИАДА

ТАБАҚСАЙ ТАРЛАНДАРЫ

2009 ЖЫЛЫ АСТАНАҒА БАСКЕТБОЛДАН ҚАЗАҚТАН ШЫҚҚАН ТҰҢҒЫШ ОЛИМПИАДА ЧЕМПИОНЫ ӘЛЖАН ЖАРМҰХАМЕДОВ КЕЛДІ. 1972 ЖЫЛЫ КСРО ҚҰРАМАСЫ САПЫНДА МЮНХЕН ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ БОЛҒАН ӘЛЖАН АҒАМЫЗ БАҚ ӨКІЛДЕРІНЕ БЕРГЕН СҰХБАТЫНДА: «МЕН ТАШКЕНТКЕ ЖАҚЫН ТАБАҚСАЙ АУЫЛЫНДА ДҮНИЕГЕ КЕЛДІМ. ӘКЕМЕ ЖАЗДА ҮЙ САЛУҒА КӨМЕКТЕСЕТІНМІН. БЕСІНШІ СЫНЫПТАН БАСТАП МАҚТА ТЕРУГЕ БАРАТЫНМЫН», ДЕГЕНІ ӘЛІ ЕСІМІЗДЕ.

Әлжан аға туып-өскен өңірден шыққан спортшылар әлемдік аренаны бағындырып, Табақсайдың даңқын дүркірете түсті. Боксшы Бақыт Сәрсекбаев Бейжің олимпиадасының чемпионы атанды. Сәкен Бибосынов Токио олимпиадасының қола медалін жеңіп алды. Әбиба Әбужақынова дзюдодан әлем біріншілігінің жүлдегері болды. Сондықтан ба Табақсай десе, ә дегеннен спорт саласындағы талантты қандастарымыз ойға оралады. Мегаполистің іргесіндегі алақандай ауылдан Олимпиада, әлем, Азия чемпиондары шықты. Жақында Ташкентке барған сапарымызда талай спортшының томағасын сыпырған Табақсайға барудың сәті түскен еді.

Негізі, Ташкентке бокстан ел чемпионатын тамашалауға барған едік. 13 салмақ дәрежесінде сынға түскен боксшылар арасында бес қазақ өрені тұғырға көтерілді. 63,5 килода Руслан Абдуллаев чемпион атанса, 92 килода өнер көрсеткен Мадияр Саидрахимов күміс медальға ие болды. Ал 71 килода әлем чемпионы Асадхужа Муйдинхужаевпен қаймықпай жұдырықтасқан Аман Қонысбек, Абдуқайым Машарипов (48 кг) пен Саят Ілиясов (60 кг) қола жүлдені қанағат тұтты.

Чемпионат аяқталған күннің ертеңінде бокстан әлем чемпионы Руслан Абдуллаевтың туған жері Қыбырай ауданына қарасты Қыпшақ ауылын бетке алдық. Алдымен Руслан 6-сыныпқа дейін білім алған №13 мектепке соқтық. Бізді күтіп алған мектеп директоры Әлібек Әлімбаевтың айтуынша, ауылда шамамен үш мыңнан астам адам тұрады.

– 320 оқушы екі ауысымда білім алады. Руслан біздің мектепте 6-сыныпқа дейін оқыды. Кейін Шыршықтағы спорт интернатына түсіп, сонда тәмамдады. Өзбекстан чемпионатында 48 кило салмақта 3-орын алған Абдуқайым Машарипов та біздің оқушымыз. Бұлардан бөлек, Жасұлан Зайыров, Бекнұр Абдуғаппаров, Ислам Ержанов сынды оқушыларымыз түрлі спорт түрлерінен ел чемпионаттарына қатысып, мектебіміздің абыройын асқақтатып жүр. Көкпарға қатысатындар да жетерлік, – деді мектеп директоры.

Бұл мектепте Русланның қарындасы Роза да білім алады. 9-сыныпта оқитын ол волейболдан мектеп құрамасының белді мүшесі. Розамен де аз-кем тілдестік. *«Мен волейболмен айналысамын. Негізі самбо күресімен шұғылданғым келген. Бірақ Руслан рұқсат бермеді. Әкеміз 2018 жылы о дүниелік болғаннан кейін барлық жауапкершілік Русланның мойнына түсті. Ол көбіне құрама жаттығуында болғандықтан үйдің шаруасымен Данияр ағам айналысады»,* деді Роза Абдуллаева.

Келесі күні Олимпиада шыңына көтерілген әлемнің әйгілі баскетболшысы Әлжан Жармұхамедов, бокстан Олимпиада чемпионы Бақыт Сәрсекбаев пен әлем чемпионы Сәкен Бибосыновқа бесік болған Бостандық ауданы Табақсай ауылын бетке алдық. Жол-жөнекей талай чемпионды баулыған Шыршық шаһарындағы Олимпиядалық резервті даярлау мектебіне соқтық.

– Самат аға (Самат Ілиясов – ред.) «Қазақстаннан меймандар келеді» дегеннен кейін, қуанып қарсы алып отырмыз, – деді мектептегі бокс үйірмесінің жаттықтырушысы Мұхаммед Байдәулетов. *– Интернат 1978 жылы құрылған. Алдымен ескек есу мен бокс үйірмесі ашылған. Одан кейін әр жылдары бір-бір спорт түрінен қосылып, қазір 16 спорт түрінен 450 бала оқиды. Соның ішінде 52 боксшы бар. Мұндай спорт мектептері облыс орталықтарының бәрінде бар. Шыршықтағы біздің мекеме ең үздігі десем артық айтқаным емес.*

Расында да Мұхаммед айтқандай, спорт-интернатының инфрақұрылымы өте жақсы екен. «Өздеріңіз куә болған Өзбекстан чемпионатында біздің қазіргі оқушымыз Шавкод Болтаев финалға дейін жетті. Саят Ілиясов 3-орын алды. Жалпы, жастар құрамасында 2 боксшы, жасөспірімдер құрамасында 4 боксшымыз өнер көрсетеді. Олар 10-11 сыныпта оқиды. Баходир Жалолов, Руслан Абдуллаев, Санжар Тұрсынов, Елнұр Абдураимов секілді әлемді мойындатқан боксшылардың барлығы осы мектепте білім алған. Сондай-ақ таэквондошы Светлана Осипова, Феруза Садықова, ескек есуші Нилюфар Закирова, ауыратлет Руслан Нуриддинов секілді мықты спортшылар да осы шаңырақтан шыққан, – деді М.Байдәулетов.

1972 жылғы баскетболдан КСРО құрамасы сапында Мюнхен олимпиадасының чемпионы болған Әлжан Жармұхамедов, бокстан Бейжің олимпиадасының жеңімпазы Бақыт Сәрсекбаев, Токио олимпиадасының қола жүлдегері Сәкен Бибосынов, дзюдодан әлем біріншілігінің қола жүлдегері Әбиба Әбужақынова секілді қазақтың біртуар ұлқыздары шыққан Табақсайға да табан тіредік. Алдымен Сәкен Бибосынов оқыған бір қабатты ескілеу №8 мектепке бардық. Бізді мектеп директорының орынбасары Ерлан Бөртешов жылы қарсы алып, Сәкен туралы әңгімеге көшті.

– Сәкен мұнда 8-сыныпқа дейін білім алды. Мен оған еңбек пәнінен сабақ бердім. Өте қарапайым, белсенді әрі талапшыл бала еді. Сәкен туған ағасы Тастемірмен бірге Олимпиада чемпионы Бақыт Сәрсекбаев жаттыққан шағын ғана спорт залда тер төккен, – деді Е.Бөртешов.

Оның айтуынша, Сәкен өткен жазда арнайы келіп, әкесіне құдайы тамақ беріпті. Әкесі диқаншылықпен, ұжымшардың көлігін айдаған. Сәкенді боксқа ағасы Тастемір алып келіпті. Тастемір де білікті боксшы. Ал анасы үй шаруасымен айналысқан.

– Сәкеннің сынып жетекшісі – математика пәнінің мұғалімі Гүлзайра Анарбаева. Ал бастауышта Ардақ Мұсақұловадан білім алды. Бұрын бұл ауылда тек қазақтар түтін түтететін. Қазір аралас тұрамыз. Ауыл халқының біразы құқық қорғау органдарында, зауыттарда жұмыс істейді. Ал жастарымыздың көбі Астанада, Алматыда нәпақасын тауып жүр. Мектебімізде 173 оқушы бар.

16 мұғаліміміз сабақ береді. Өзбекстан қазақтары атажұртта өтіп жататын түрлі деңгейдегі байқауларға қатысады ғой. Біздің де оқушымыз Сабина Жорабекова жақында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің грантын жеңіп алып, сол жаққа оқуға түсті, – деді ол.

Сәкен тұрған бір қабатты шағын ғана үйдің қабырғасы мектептің бау-бақшасымен жапсарлас орналасқан екен. Қазір онда басқа отбасы түтін түтетіп отыр. Боксшының әкесінің інісі осы ауылда. Енді сол үйге барсақ деген тілек білдірдік. Бізді Сәкеннің немере қарындасы Динара Бибосынова қарсы алды. *«9-сыныпта оқимын. Сәкен ағамызбен мақтанамыз. Ол ақылды әрі айтқан сөзінде тұратын адам. Бізге әрдайым қамқорлық көрсетеді. Әкелеріміз 9 ағайынды: 4 ұл, 5 қыз. Біз Сәкеннің әрбір жетістігіне қуанамыз. Қолдау көрсетеміз. Әулетімізде бокспен айналысып жүрген бауырларым бар. Бірақ олар әлі кішкентай»*, деді Динара.

Бұдан кейін Табақсай ауылындағы №7 орыс мектебіне бас сұқтық. Аталған оқу ордасынан Әлжан Жармұхамедов пен Бақыт Сәрсекбаев сынды екі бірдей Олимпиада чемпионы шыққан. Олимпиадаға бастау болған мектептің жанындағы шағын ғана залды да көрдік. Осы жерде Бақыт Сәрсекбаев пен Сәкен Бибосынов жаттыққан. Біздің келгенімізді естіген бойда Бақыттың жеке бапкері болған Кәрім Махмудов та осы жерден табылды. Қазақстаннан Өзбекстанға қайта оралған Кәрім ағамыз жақында ғана мерейлі 70 жасқа толыпты. Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысын біз де құттықтадық. Әрі қарай Кәрім бапкер әңгімені жалғап кетті.

– Бұл жерде кімдер жаттықпады дейсіздер? Барлығының қолтаңбасы қалған. Әлжан Жармұхамедов те осы мектепте білім алған, – деп бастады ағамыз әңгімесін. *– Әлжан екеуміз дос болдық. Оның менен бірер жас үлкендігі бар. Соған қарамастан екеуміз бірге жүретінбіз. Шатырдың үстіне шығып кептер ұстайтынбыз. Шөп оратынбыз. Трактор айдайтынбыз. Ол кішкентайынан әділ әрі қарапайым жігіт еді. Мектепті бітірген соң Шыршықтағы зауытта екі жылдай жұмыс істеді. Кейіннен біржола спортқа, баскетболға ден қойды. Институтқа оқуға түсті. Осынау шағын спортзалда Сәкен Бибосыновтың ағасы Тастемірді де жаттықтырғанмын. Ол кезде Сәкен кішкентай болатын. Арасында келіп тұрды. Кейін Бақытпен бірге Қазақстанға қоныс аудардым да, Тастемірге Алматыға, Қызылордаға баруға кеңес бердім. Аяқалысы жаман болған жоқ. Ал Сәкен қазір күллі қазақ мақтанатындай боксшыға айналды,* – деді К.Махмудов.

Бейжің олимпиадасында ел құрамасына жалғыз алтын медальды сыйлаған Бақыт Сәрсекбаев Кәрім ағаның шәкірті ғана емес әрі жиені. *«Бақыт Павлодардан Табақсайға келгеннен кейін өзім баулып, Өзбекстан құрамасына іліктірдім. Әр жылдары Өзбекстанның 7 дүркін чемпионы, 2002 жылы Азия ойындарының қола жүлдегері, Азия чемпионы атанды. Әйткенмен, 2004 жылы құрамаға ілінбей Афина олимпиадасына бара алмадық. Одан кейін 2004 жылдың желтоқсан айында 69 кило салмақта Қазақстан біріншілігіне қатысып, чемпион атандық. Әрі қарай оның жұлдызды сәті басталды»,* деді бапкер.

Кәрім ағаның айтуынша, шағын спортзалды мектеп жанынан өздері 1978 жылы мемлекеттің қолдауымен салған. Бүгінде ол жасөспірімдер арасында Азия чемпионатының финалисі Әсем Төлегенованы жаттықтырып жүр.

Табақсайдың төменгі жағындағы №9 мектепте бүгінде Қазақстан намысын қорғап жүрген дзюдодан әлем біріншілігінің қола жүлдегері Әбиба Әбужақынованың оқығанын біреу білсе, біреу білмейді. Кәрім ағамен әңгімелесіп отырып, күннің батып кеткенін де байқамай қалыппыз. Сол себепті Әбиба оқыған білім ошағына соғудың сәті түспеді. Әбибамен телефон арқылы тілдестік.

– Табақсайға арнайы барғандарыңыз үшін көп рахмет. Онда туыстарым тұрады. №9 мектепте білім алдым. Сабақты бір кісідей жақсы оқыдым. Кейіннен Ташкентте, одан кейін Алматыдағы колледжде білім алдым. Дәл қазір бар мақсатымыз – Олимпиада жолдамасы. Ол үшін Гран-при додаларында биік тұғырдан көрініп, ұпай жинау керек. Бұйыртса жоспар орындалады деп сенеміз, – деді ол.

Қарап отырсаңыз, шағын ғана бір ауылдан төрт бірдей чемпионның шығуы тегін емес қой. Бүгінде Әлжан басқан топырақтан қаншама чемпион шығып жатыр. Осыдан кейін Табақсайды чемпиодар ауылы демей көріңіз.

Түнделетіп Табақсайдан Ташкентке жолға шықтық. Жолда көлік жүргізушісін көндіріп, бокстан әлем чемпионы Руслан Абдуллаевтың шаңырағына бардық. Чемпионның анасы Ұлбосынмен танысып, аз да болса әңгімелестік.

Олимпиадада кейбір мемлекеттің қолы жете алмай жүрген жүлделерді бір ғана аудан спортшылары жеңіп алғанын естіп те, көріп те жүрміз. Алысқа бармайық, еліміздегі Жамбыл облысының Тұрар Рысқұлов ауданынан төрткүл дүниеге танылған, төртжылдықтың іргелі додасында көк туды желбіреткен төрт саңлақ шыққан. Олимпиадада Ермахан Ыбырайымов – алтын мен қола, Ислам Байрамуков – күміс, Ақжүрек Таңатаров – қола, Елдос Сметов күміс пен қола медальды олжалады. Оған 1952 жылы Жамбыл облысының Луговой (қазіргі Құлан ауылы) асыл тұқымды ат зауытында туған таза қанды қас сәйгүлік Абсент (ақалтеке) 1960 жылы Римде алауы тұтанған Олимпия ойындарында бас жүлдені олжалады. Ақалтекені тізгіндеген Сергей Филатов еді. Сондай-ақ Ресейдің Дағыстан Республикасында Хасавюрт деген шағын ғана қала бар. Небәрі 155 мың халқы бар шаһардың спортшылары бүгінде еркін күрестен Олимпиададан 12 алтын, 2 күміс және 3 қола медаль жеңіп алғаны да тамаша көрсеткіш. Бұлардың қатарын Табақсай да толықтырып тұр.

Алмас МАНАП
egemen.kz. сайтынан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ДЕНСАУЛЫҚ

НЕЛІКТЕН ҚЫСТА ТЕРІ ҚҰРҒАП КЕТЕДІ?

ҚЫСТА КӨПШІЛІКТІҢ ТЕРІСІ ҚҰРҒАП КЕТЕДІ. ОҒАН ӘДЕТТЕ СУЫҚ АУА РАЙЫ МЕН ЖЫЛЫТУ ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫНЫҢ ІСКЕ ҚОСЫЛҒАНЫН КІНӘЛАЙМЫЗ. БІРАҚ ОҒАН ТЕРІ КҮТІМІНДЕГІ ҚАТЕЛІКТЕР ДЕ ӘСЕР БЕРЕДІ.

Ыстық ваннаға түсесіз

Аязды күні тоңып қалғандықтан, үйге келіп ыстық ваннада ұзақ жатуыңыз мүмкін. Содан соң теріңіз қабыршақтанып қана қоймай, тітіркенеді және қызарады. Оның себебі ыстық суда тері бірден ылғалды беріп, оның қорғаныш қабатын бұзады. Тері сау болуы үшін ваннадағы су ыстық болмауы керек және оның ішінде 15 минуттан артық жатпаған жөн. Далада тоңып қалсаңыз, үйге кірген кезде киімдеріңізді түгел ауыстырыңыз: жылы киім киіп, ыстық шай ішіңіз. Жылынып болған соң ғана ваннаға жатуға болады.

Дұрыс емес ерін далабын қолданасыз

Қыста күңгірт ерін далабынан бас тартыңыз. Себебі ол ерінді құрғатады. Оның орнына пантенолы мен Е дәрумені бар бальзамдар және құрамында майлар, гиалурон қышқылы, коллагені бар ерін далабын қолданыңыз.

Күтім құралдарын дұрыс қолданбайсыз

Қыста көпшілік қоректік кремдерге көшеді де, ылғалдандырушы құралдар жайлы ұмытады. Қыста қоректік те, ылғалдандырушы да кремдерді пайдалануға болады. Оларды үйден шығуға 30 минут қалғанда жағып алған жөн. Сондай-ақ қыста қоректік кремдерді күндіз, ал ылғалдандырушы құралдарды кешке жаққан дұрыс.

Қолға күтімді жеткілікті түрде жасамайсыз

Қолыңызға кремді күніне бір-ақ рет жағатын болсаңыз немесе мүлдем жақпасаңыз, қол терісінің жарылып кеткеніне таңғалмаңыз. Қол терісіне су, суық ауа райы және жылытқыш құралдар әсер етеді. Сондықтан кремді әр қол жуған сайын жағу керек және аптасына екі рет ұйықтар кезде оған қоректік маска жасаңыз.

Пилингтен бас тарттыңыз

Қыста да теріге пилинг жасау керек. Аптасына бір рет пилинг жасаңыз және оның түйіршіктері бар түрін емес, қышқылдары бар түрін пайдаланыңыз.

SPF-крем жақпайсыз

Қыста көпшілік SPF – құралдар қолданудың қажеті жоқ деп ойлайды. Алайда мұндай құралдарды жыл бойы қолдану керек. Әйтпесе, тері ерте қартаяды және оған дақтар шығып кетуі мүмкін.

Материал massaget.kz. сайтынан алынды.

ДЕГЕН ЕКЕН...

Асекең мен Әшекең

Қазақтың көрнекті сыншы-жазушысы Асқар Сүлейменов бір күні «Зерде» журналының бас редакторы, белгілі ақын Есенғали Раушановқа телефон соғады. Тұтқаны бас редактордың орынбасары Әшірбек Амангелдиев көтереді. – Алло, – дейді ар жақтағы дауыс. – Әу, – дейді Әшекең. – Есенғали бар ма? – Есенғали жоқ боп тұр. – Бұл кім? – дейді Әшекең. – Біреу ғой, – дейді ар жақтағы дауыс. – Ал сен кімсің? – Бұл да біреу ғой. – Қаршаңқы тілің бар екен. Қазір барамын. Сені көргім келіп тұр. – Келсеңіз, келіңіз, күтейін. Сәлден соң, Асекең кабинетке кіріп келеді де: – Жаңағы сен бе? – дейді. – Иә. – Мені танушы ма едің? – Естуім бар. – Дұрыс екен. – Мен өзі – жылқыны жақсы көретін қазақпын. Мына жылқының суреті бар плакатты берші. – Асеке, бәрі дұрыс қой. Бірақ ол ырымға жаман. Қазақ өлі атты сыйламаушы еді. Мен қалай беремін? Сонда Асекең Әшекеңнің сөз тапқанына риза болып: – Мен сөзден ұтылдым, – деп есіктен шығып жүре беріпті.

Жерге қаратқан ұрпақ

Өткен ғасырдың 90-жылдарының басы болса керек. Нарықтың шөміштен қысып тұрған кезі. Халықтың әл-ауқаты төмен. Зауыт-фабрикалардың бәрі жекешеленіп, жұрттың бәрі базар жағалап кеткен. Бір күні «Зерде» журналының бас редакторы Әшірбек Амангелдиев ойға шомып, төмен қарап, Жібек жолы көшесінің бойымен келе жатады. Оның алдынан белгілі сатирик-жазушы Қажытай Ілиясов шыға келеді. – Әй, Әшірбек, саған не көрінді? Төмен қарап келе жатырсың ғой, – дейді Қажекең салған жерден. Сонда Әшекең: – Сіздер ғой – аға ұрпақ бізді жерге қаратып кеткен, – деген екен. Тағы бірде... Тағы да сол Қажытай Ілиясов пен Әшірбек Амангелдиев көшеде жолығысып қалады. Іні болғаннан кейін ағаға ізет көрсетіп Әшекең: – Ассалаумағалейкум, Қажеке, көрінбейсіз ғой, – деп екі қолын созып, ықылас таныта амандасады. – Сен мені Алатау деп пе едің күнде көрінетін, – дейді Қажекең бұра сөйлеп. Сөзден тосылып, есе жібере қоятын Әшекең емес. – Қажеке, мен сізді аға көріп, тау көріп жүрмін. Төбе болсаңыз, амандаспас едім ғой, – деген екен. «Сөз тапқанға қолға жоқ» демекші, інісінің тапқырлығына риза болған Қажекең Әшірбек Амангелдиевтің қолын алып, арқасынан қағыпты.

Дипломды жазған кім?

Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының басы болса керек. Ол кезде жоғары оқу орындарында Коммунистік партияның көсемдері Карл Маркс, Фридрих Энгельс, Владимир Ильич Ленинннен сілтеме жасалмай, бірде-бір диплом қорғалмайтын. Бұл – Леонид Ильич Брежневтің бүкіл мемлекет басшыларын қапсыра құшақтап, қос бетінен шөпілдетіп сүйіп, дәурені жүріп тұрған шақ. Сондықтан оның да өзі жазбаған, тіпті оқымаған еңбектерінен сілтеме жасауың қажет. Сондай тоқырау кезеңінде диплом қорғап жатқан Әбдіғани Қасымбеков деген студент біміру жұмысында Брежневтің еңбектерінен көбірек сілтеме жасап жіберсе керек. Соны айтқысы келген белгілі фантаст-жазушы Абдулхамит Мархабаев сөз кезегі келгенде мінберге шығып тұрып: – Бұл дипломды жазған Брежнев пе, әлде Қасымбеков пе? Мен соны айыра алмай тұрмын, – дейді мемлекеттік комиссия мүшелеріне мысқылдай қарап. – Бәлкім, екеуі қосылып жазған шығар, – дейді комиссия мүшелерінің бірі Қабижан Құсайынов. Сонда Абдулхамит Мархабаев: – Бәлеге қалатын жайымыз жоқ. Онда жұмысты өте жоғары бағалауға тура келеді, – деген екен.

Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ
aikyn.kz. сайтынан алынды.

ӨНЕР

«МЕЙІРІМ» шығармашылық орталығының талантты балалары

Аруна АРДАБАЙ

Айару АРДАБАЙ

Шаһ-Керім ЖАРАҚТАН

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Зарина БЫЖЫБЕК – тілші
Гүлнұр БАЙМҰХАН – тілші

Кезекші редактор: З. БЫЖЫБЕК.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau.offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2700
Тапсырыс № 100
Индекс 15534